Приложение 4
к Правилам проведения
общественных слушаний
от 3 августа 2021 года №286

**Протокол общественных слушаний в форме открытых собраний**
*Отчет о возможных воздействий к*
«План разведочных работ с проведением горно-вскрышных работ в целях опытно-промышленной добычи золотосодержащих руд на блоках: М-43-81-(10б-5б-3, 4, 8, 9) Участка в Каркаралинском районе, Карагандинской области (Месторождение – Бузау)»

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: *ГУ «Аппарат акима Шарыктинского сельского округа Каркаралинского района»*

2. Предмет общественных слушаний: *Отчет о возможных воздействий к «План разведочных работ с проведением горно-вскрышных работ в целях опытно-промышленной добычи золотосодержащих руд на блоках: М-43-81-(10б-5б-3, 4, 8, 9) Участка в Каркаралинском районе, Карагандинской области*
*(Месторождение – Бузау)»*
(полное, точное наименование рассматриваемых проектных материалов)

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), в адрес которого направлены документы, выносимые на общественные слушания. *Республиканское государственное учреждение "Департамент экологии по Карагандинской области Комитета экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан".*

4. Местонахождение намечаемой деятельности:
Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинского сельского округа.
Ближайший населенный пункт: Участок разведки административно расположен на территории Каркаралинского района, Карагандинской области и находятся в 7,5 км от с.Теректы. Площадь территории составляет 8,86 км2.
Координаты угловых точек участка лицензионной территории

| № точек | Координаты точек | |
|---|---|---|
| | Северная широта | Восточная долгота |
| 1 | 49°58′00′′ | 76°17′00′′ |
| 2 | 50°00′00′′ | 76°17′00′′ |
| 3 | 50°00′00′′ | 76°19′00′′ |
| 4 | 49°58′00′′ | 76°19′00′′ |

(полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности)

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности: Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинского сельского округа.

(перечень административно–территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности и на территории которых будут проведены общественные слушания)

6. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «COPPER GROUP LTD», БИН 240740009245, Адрес: Республика Казахстан, 050010, город Алматы, Медеуский район, микрорайон Кок-Тобе, улица Сагадат Нурмагамбетов, здание 91.
e-mail: tanakulov@mail.ru

(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы.
ТОО «MININGWELL SOLUTIONS»: 010000, Республика Казахстан, г.Астана, Район "Байқоныр", улица Ш.Иманбаева, дом № 2, тел: +7 701 531 0511, e-mail: tulegen.zhakupov@gmail.com.

(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний): 15 декабря 2025 года, регистрация участников – 14:30, начало общественных слушаний – 15:00, общественные слушания проведены в форме открытых собраний по адресу: РК, Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, Актовый зал школы №30 по ул.Абая, строение 26.

(дата, время начала регистрации участников, время начала общественных слушаний, полный и точный адрес места проведения слушаний. В случае продления общественных слушаний указываются все даты)

9. Копия письма-запроса от Инициатора намечаемой деятельности и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.
*Копии письма-запроса и письма-ответа представлены в Приложении 2;3 к настоящему протоколу общественных слушаний.*

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.
*Регистрационный лист участников представлен в Приложении 4 к настоящему протоколу общественных слушаний.*

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на казахском и русском языках следующими способами:

1) на Едином экологическом портале: https://hearings.ndbecology.gov.kz/ раздел «Общественные слушания» Дата публикации: 05.11.2025 г.;

2) на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика: https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

(наименование и ссылки на официальные интернет–ресурсы и даты публикации)

3) в средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, распространяемых на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), полностью или частично расположенных в пределах затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний: газета «Каркаралы» №44 (12046) от 08.11.2025г. (название, номер и дата публикации объявления в газете, с приложением сканированного объявления: сканированные титульная страница газеты и страница с объявлением о проведении общественных слушаний)

телеканал «SARYARQA», дни проката 10.11.2025 г. - Электронная версия эфирной справки представлена в Приложении 6 к настоящему протоколу общественных слушаний.

(название теле или радиоканала, дата объявления: электронный носитель с видео- и аудиозаписью объявления о проведении общественных слушаний на теле или радиоканале подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний)

4) в местах, доступных для заинтересованной общественности на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов), в количестве 1 объявлений по адресу: Карагандинской области, Каркаралинского района, Шарыктинский сельский округ, размещение объявлений в общественных местах села, на доске объявлений акимата с.Теректы. Фотоматериалы прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний. Текстовые объявления размещены в Электронная версия фотографий с доски объявлений представлены в Приложении 7 к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Общественные слушания были начаты в запланированное время – 15:00 часов 15 декабря 2025 года

*По правилам проведения общественных слушаний общим голосованием выбрали:*
*Председателя общественных слушаний -* Жакин Ербулан
*Предложена кандидатура в качестве секретаря общественных слушаний -* Молтусонова Альбина Сергеевна

Присутствующие 9 человек проголосовали 9 человек «за», против 0 человек и воздержались 0 человек
(о выборе секретаря. Указать количество участников общественны слушаний "за", "против", "воздержались")

Утверждение регламента общественных слушаний, присутствующие 9 человек проголосовали 9 человек «за», против 0 человек и воздержались 0 человек

*Регламент:*

1. *Избрание секретаря общественных слушаний – 1 мин.*
2. *Открытие слушаний – 5 мин.*
3. *Ознакомление с презентацией и рассмотрение материалов проекта в форме доклада – 20 мин;*
4. *Обсуждения и вопросы по презентации – 30 мин.*

(об утверждении регламента. Указать количество участников общественных слушаний "за", "против", "воздержались")

13. Сведения о всех заслушанных докладах:

Итояков Рафис Габудислямович – *представитель ТОО «COPPER GROUP LTD»* - ознакомил с содержанием по проектной и экологической части.
(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)

*Тема доклада: Отчету о возможных воздействий для «План разведочных работ с проведением горно-вскрышных работ в целях опытно-промышленной добычи золотосодержащих руд на блоках: М-43-81-(10б-5б-3, 4, 8, 9) Участка в Каркаралинском районе, Карагандинской области (Месторождение – Бузау)». Доклад представлен в Приложении 5 к настоящему протоколу общественных слушаний, количество страниц: 4.*
(тема доклада, количество страниц, слайдов, файлов, плакатов, чертежей) Тексты докладов по документам, выносимым на общественные слушания, прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 настоящих Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой "не имеют отношения к предмету общественных слушаний". Представлена в приложении 1.

15. Мнение участников общественных слушаний о проекте и качестве рассматриваемых документов (с обоснованием), заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению:
Замечаний о качестве рассматриваемых документов и заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению не поступило.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование представляемой организации, мнения и рекомендации)

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному Кодексу Республики Казахстан.

17. Председатель общественных слушаний:
Аким Шорыктанского с/о Жамсан Ербулан 17.12.2025
(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

18. Секретарь общественных слушаний:
Молтусанова Альбина Сергеевна инженер-эколог ТОО "Copper group LTD" 17.12.2025г.
(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

**Приложение 1**

**Сводная таблица замечаний и предложений, полученных до и во время проведения общественных слушаний**

| № пп | Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации) | Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации) | Примечание (снятое замечание или предложение) |
|---|---|---|---|
| 1 | **Вопрос от местного жителя:**<br>На бумаге всё красиво написано, говорится, что всё будет хорошо, но на практике всё может быть иначе — кто за это будет отвечать?<br>Не все жители об этом знают, о том, что вы собираетесь открываться; завтра, узнав, они могут выступить против — что вы будете делать в такой ситуации? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Аға, с этим всё понятно, но сейчас мы будем проводить только исследовательские и поисковые работы. Мы берем лишь песок с поверхности земли, если роем канавы — затем их засыпаем, при проведении бурения выполняется тампонаж, отверстий не остаётся. Это работы, в которые только вкладываются средства. | Снято |
| 2 | **Вопрос от Акима:**<br>Будет ли контролирующий орган, который будет надзирать за этими работами, или вы разрешите контролировать их местным жителям села — трём, четырём, пяти людям? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>В нашей основной компании работает всего четыре человека. Основную часть работ выполняют подрядчики — все эти работы будут проводиться подрядными организациями, теми, у кого есть соответствующая лицензия. | Снято |
| 3 | **Вопрос от Акима:**<br>Вы не поняли мой вопрос: не загрязнят ли они всю эту территорию и не оставят ли после себя беспорядок? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Нет-нет, хоть наша компания и небольшая, она легальная. Например, мы не оставляем канавы не засыпанными — всё делаем аккуратно, приводим в порядок и восстанавливаем территорию. Это же разведка, при добыче всё будет иначе. | Снято |
| 4 | **Вопрос от Акима:**<br>Участок земли по координатам, которые вы указываете, — это местность Бузау. На большей части | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>При проходке канав длиной до 200 метров сразу же выполняется их | Снято |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | этой территории ведётся сельское хозяйство, пасётся скот, поэтому ваши работы будут проводиться в виде отбора керна и рытья траншей. При проведении работ в виде траншей через какое время они будут засыпаться?<br>Если в ходе разведки будет вырыта траншея длиной 200 метров, будет ли после этого проведена рекультивация? | описание: по геологии геолог идёт непосредственно за рабочими, которые роют канаву, проводит геологическое описание и отбирает пробы. Канава роется до коренных пород, максимальная глубина — до 2 метров.<br>Если канава вскрывает коренную породу, дальнейшая проходка прекращается, и сразу же с этой породы отбирается проба. После выполнения работ проводится документация, отбор проб и **непосредственно сразу после этого выполняется рекультивация**. Канавы засыпаются сразу же. | |
| 5 | **Вопрос от Акима:**<br>Я смотрю ваши лицензии — они выданы на 6 лет. Однако в соответствии с Налоговым кодексом все виды налогов, уплачиваемые в связи с проведением разведочных работ, должны поступать в местный бюджет. | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Налоги в обязательном порядке будут перечисляться в местный бюджет ежеквартально. | Снято |
| 6 | **Вопрос от Акима:**<br>Предусмотрен ли приём на работу работников из числа местных жителей? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Бізде канаваларды қазатын тек лицензиямен фирмалар жұмыс істейді. Разведка жүргізгенше штатқа адамдарды алмаймыз, бірақ мыс немесе алтын кен орны табылса ары қарай жұмыстарды жалғастырсақ өндіруге, сол кезде жергілікті адамдардан алынады. Ол заң бойынша міндетті түрде. | Снято |
| 7 | **Вопрос от Акима:**<br>Денежные средства в размере **369 000 тысяч тенге** куда будут перечисляться? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Эта сумма уплачивается при получении лицензии в **Министерство промышленности** — в тот государственный орган, который выдает лицензию. | Снято |
| 8 | **Вопрос от Акима:**<br>1800 месячных расчётных показателей с первого по третий год? | **Ответ от представителя ТОО «COPPER GROUP LTD Итояков Р.Г.:**<br>Это статья, согласно которой мы обязаны вложить **минимально установленную сумму средств в разведку**. Если мы не вложим эти | Снято |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | деньги в разведочные работы, нашу лицензию могут отозвать. | |

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына 4-қосымша/

## АШЫҚ ОТЫРЫС ТҮРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ/ ЛИСТ РЕГИСТРАЦИИ УЧАСТНИКОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ

**Күні/Дата проведения:** 2025 жылы 15 желтоқсан сағат 15.00-де/15 декабря 2025 года в 15.00 часов
**Өткізілетін орны/Место проведения:** Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты ауылдық округі, Теректі ауылы, Абай көшесі, 26-үй, №30 мектептің акт залында./ Республика Казахстан, Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, Актовый зал школы №30 по ул.Абая, строение 26.

| № р/с/№ п/п | Қатысушының аты-жөні/Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора) | Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)/Формат участия (очно или посредством конференцсвязи) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)/Подпись (в случае участия на открытом собрании) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жаман Ербулан | экім | 87029049432 | конф. байланыс | |
| 2 | Мурсалова Жанар | бас маман | 87786753209 | —"— | |
| 3 | Какенова Зауреш | жетекші маман | 87023678538 | —"— | |
| 4 | Толеубаев Сейтенбай | қауымдастың төрағасы | 87023232550 | —"— | |
| 5. | Загиев Темірлан | спорт секторы | 87021201375 | —"— | |
| 6. | Жеңіс Мерас | геолог | 87028565349 | —"— | |
| 7. | Токенов Дулат | вет врач | 87782922043 | —"— | |
| 8. | Ахметжанов Қуаныш | жүргізуші | 87759899013 | —"— | |

| № р/с/№ п/п | Қатысушының аты-жөні/Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора) | Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)/Формат участия (очно или посредством конференцсвязи) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)/Подпись (в случае участия на открытом собрании) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 9 | Сеудоков Петрос | мастер | 87781917879. | | |
| 10 | Куржанов Манарбек | участие [illegible] | 87014681199 | | |
| 11 | Тюлеков Р.П | инициатор. | 870 204 16 165 | онлайн | |
| 12 | Матусынова А.С. | инициатор | 870566 31586 | онлайн | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Аудандық қоғамдық-саяси газет

# Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады
8 қараша 2025 жыл Сенбі №44 (12 046)

https://qarqaralygazeti.kz www.facebook.com/qarqaralygazeti/ qarqaraly_gazeti karkaraly_too@mail.ru

Лепес

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

### Аудандық газет

("Комунизм таңы".1981-1987 ж.ж.)

Ақша қарға оранды Қарқаралы.
Көз алдында – күллі әлем картадағы.
Жұмыр жүрек ішінде – жұмыр Жерім,
Сайрап кетсем тілімнен бал тамады.

Шиырлаймын несіне ой легін көп?
Уайым – жоқ.
Тамақ – тоқ.
Көйлегім – көк.
Неше түрлі елдердің сөзін естіп,
Неге менің кетеді сөйлегім кеп?

Өліп-өшем өзгені – өзге емес деп,
Ошақ сөзін Отаным сөз демес деп.
Құнанбайдың мешітін көрсем болды,
Амра ибн әл – Аса* көзге елестеп...

Маған жаттай жас дәурен, ғашық әні,
Қайран жаным қай жаққа асығады.
Хиросима туралы шерлі жырым
«Коммунизм таңында» басылады...

Кім бар менің үнімді есіткендей,
Кім жүр ессіз елесті кешіп мендей?
Алматыға жіберген өлеңдерім,
Алыс шаһар болған соң...
Кешіккендей.

Шыдай алмай осы бір масқараға
Алматыға тартсам ба – бас қалаға?
Ақындардың ауылда туып, сонсоң
Өлетіні рас па - астанада?

Рас болса, жөнеуім қажет демде,
Қар күрт еріп, құстар кеп мәз еткенде.
Анда-санда...
Ғаламды тану үшін
Көз салармын аудандық газеттерге...

### «Қарқаралы» газетіне

Шешен тіл, шежіреші қариясың,
Ақтарсам мұрағатың дария шын...
Ақтарсам, парақтасам беттеріңді,
Тарихты парақтаймын, өткенімді...

Жүйткиді уақыт жүйрік зырлап алға,
Бәрі тұр айқын, анық жылнамаңда.
Сөз деген иығында жүгі нардың,
Өзіңде қолтаңбасы ұлылардың...

Өзіңде үні байтақ бұл даланың,
Оқысам
Шаттанамын,
Мұңданамын...

Оқысам мен сендегі мақаланы,
Оқимын тауды, тасты, сахараны.
Тілдесем қасіретпен сен арқылы,
Үндесем қасиетпен сен арқылы.

Жалғасып кешегі іздер бүгінгі үнмен,
Аңқиды жусан, арша тігіндіңнен.
Өзіңді айқара ашсам, парақтасам,
Өткенмен сұхбаттасам, жауаптасам.

Орныңа тарихтағы кім талассын,
Өзіңсің – өзегі алтын рухы Алаштың!
Өзіңсің күй патшасы, ән төресі,
Өзіңсің би тұғыры, хан төбесі.

Өзіңсің тарихнамам шежірелі,
Ұстазсың жас қаламға сен үнемі.
Таркамай төріңдегі тойдың легі,
Жасай бер «Қарқаралым» – ой мінбері!

**Мирас АСАН,**
**ақын, Қазақстан**
**Жазушылар одағының мүшесі**




Ой толғам

# Қарқаралы қаламы




**Біз арқалана сөйлегенді ұнатамыз-ау, көбінде. «Қарқаралы» газеті Қарағанды аймағындағы ең қарт басылым» деп екілене көсіліп кететініміз де бар. Абыз басылымға қаламы қарымды талай мықты азаматтар жетекшілік етті. Олар жайында ардагер журналистер газеттің осы мерекелік нөмірінде біраз сыр шертті. Ал оның жалпы жағдайы қалай? Мен күдік пен үміттің ортасын жалғайтын әңгіме айтып өтейін.**

**Құрманғазы ӨТЕБАЙ**

Жалпы, өңірлік басылымдардың барлығының өңменінен өткен суық бар. Оның негізгісі – қаражат мәселесі. «Газет жекеменшікке шықты, енді өз күнін өзі көре берсін» деген енжарлықтың жақсылыққа апармайтыны белгілі. Неге десеңіз, әлеуметтік желілер мен бейне-контент ұсынатын платформалар санаға сәуле де, сауатсыздық та беретіндей. Ал кәсіби жазба журналистика ақсаса, сленгті сөздің басы деп түсінетін буынның пайда болмасына кім кепіл?! Ал газет – тілді ұстартып, тізгінді бекемдейтін медиақұрал. Бүгін де оның ақпараттар ағынына ілесе алмайтыны айқын. Алайда, жазба басылымдар – аптықпай оқитын сараптамалық, публицистикалық материалдардың маңызды қорының қайнар көзі саналады. Аудандық газет руханиятта жүрген мыңдаған тұлғаның тұсауын кесіп, маңызды жетістіктерінің бастамасы болған. Қазір оның осы дәуіріне көлеңке түсіп тұр. Өйткені, жалақысы мардымсыз жұмысқа жастардың аттап баспайтыны бесенеден белгілі дүние. Ал шеберліктен ада жас «жиреншелер» қопара жазатын, құрғақ шолатын, кең көсілетін журналистиканың көптеген жанрына ысылмаса, оның мықтылығы бидайдың қауызындай ғана болмақ. Осы орайда журналистика мектебінің маңызы жайында да азды-көпті тілге тиек етсек.

Мамандығым инженер болса да, Аман Жанғожин (ол кісі де технарь) сынды ағалардың ізінен еріп, «Орталық Қазақстан» газетінің ұстаханасына біз де кірдік. Көп нәрсе үйрендік. Көңілге түйдік. Бұл күні қаражарыста жараған қаракердей «Қарқаралы» газетінің редакторлығын атқарып жүрміз. Аймақтық газетте жүргенде ақ қағазға маржандай қаріппен түскен мақаламызды Ахат Құрмансейіт ағамыз қызыл бояумен көмкеріп, әріптік әрі мағыналық қателерімізді тізіп беретін. Соның арқасында паразит тіркестерден арылдық. Синонимдерге семірген сөйлемдердің артық майларын қажетке айналдыра алдық. Қамбар Ахмет бастаған «летучкаларда» әр мақала жан-жақты сараланды. Жақсысы бағаланып, жаманы жазаланатын-ды. Жалпы Қамбар Ахметтің өз басым бейтарап салқынқанды жұмысын жақсы бағалаймын. Сол кездегі жауапты хатшы қызметін атқарған Қызғалдақ Айтжан досым кей материалды зерделегенде: «Бірінші сөзден соңғы сөйлемге жеткенше басын ұмытып қалдым. Қалай еді?» дейтін. Оның астарлы жымиысы екі-үшеуі тізбектелген құрмалас сөйлемдерге қатты құмар болмауымды ескерткендей болатын. «ЛИД деген маңдайдан ұратындай болу керек» деген Жәнібек Әлиман бауырымның масаттанған пікірімен келіспеуге шамаң қалмайтын. Жазған дүниең қатаң газеттік, сауатты сипатта болмаса Марал апай мен Шынар Адамбекова қарындасымыздан «сөгіс» алатынбыз. Арасында, астыңғы қабаттардан көтерілетін Ерболат Қуатбек, Әділет Шопен інілеріммен ұзын дәлізде ілкімді әңгіменің талайын айттық. Нұрқанат Қанапия, Жәлел Шалқар замандастарымызбен бірде керісе дауласып, бірде қалжыңдаса күлетінбіз. Десек те, ар мен этикадан аттамайтынбыз. Бұлар сырт көзге беймәлім құдіреттің үрдісінде жүретін. Барлығы қайнаған қызу жұмыстың ошағында қайнайтын. Қысқа қайырғанда журналистиканың қарадүкенінде осы күйді бастан өткіздік. Мұның барлығын «Қарқаралы» газетінің жетекшілігімде жолбасшы қылып ұстап жүрмін.

Қаражаттан қырқылған қиындықтарға қарамастан өңірдегі өндірістің құжаттарын басу секілді қосымша табысты жинақтап, деректі фильмдер түсіретін «Qagan production» жобасын аштық. Бұл – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен куәлігін алып, ел топырағынан ұлт құндылықтарды талмай іздеген «Қарқаралы» газетінің бел баласы. Біз осы жобаның аясында Тәттімбеттей дарынның Майлықара бауырындағы мектебін, тұтас металлургиялық кешенін цифрлық таспаға түсірдік. Мұстақым, Қалибек, Қасым сынды заңғарлардың ізін шолдық. Кербез Кент тауларының жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін Youtube платформасы арқылы қазақ жұртына паш еттік. Ол үшін бір тиын қаражат алмадық. Құнды дүниелер аудан мектептерінің бірқатарының қажетіне тегін ұсындық. Осы дүниелердің басы-қасында Ерболат Қуатбек бауырым жүрді.

«Қарқаралы» газетіне келгенімде өңір басшылығының тізгінін ұстаған Элдар Дүйсетаев, Ерлан Құсайын сынды азаматтар шама-шарқынша көмек көрсетті. Одан кейін тоқсанның бесеуіне келген қарт басылым қағажу көргендей күйге түсті. Мұның барлығы біреуге жағына алмайтын «жаман» мінезімнен болар, сірә. Ауданымыздың кей депутаттары әлеужеліде «өз күнін өзі көрсін» деп ауызына келгенін көкіп отырса, оның жайы қайдан оңалар. Сондықтан «Бөрі арықтығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар» деген қағиданы талғажау етудеміз.

Қарқаралы өңірі – тамыры терең, мәдениеті марқайған аймақ. Оның әр ауылында Алашқа белгілі азаматтың туған жері көсіліп жатыр. Олардың мұрасын газеттің көркем тілімен паш етпесек, деректі фильмдер арқылы жария қылмасақ, өткенін өтпелі кезеңге мансұқ еткен мәңгүрт ұрпақ пайда болмай ма?! Жалпы, руханиятты соңғы орынға ысырған елдің жарығанын кім көріпті?!

Әңгіме болсын, Қарқаралыда туып, Қарағанды облысының біраз жерінде басшылық жасаған Ниқанбай Омарханов менің туған жерім Бақты ауылында кеңшар директоры болып жұмыс жасады. Ол кісінің тұсында орталық жылу қазандығының құрылысы басталып, ел іргесіне диірмен келді. Әлгі ағамыз ауылдың шаруашылығын әбден ширатқан соң, мекенге кіреберіс үлкен жолдың бойын қоршап тұрып, қарағай еккізді. Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театрына барынша көмек көрсетті. Жұмысшылар өнер мен шығармашылыққа ден қойды. Біз онда оқушы едік. Әр үйдің журнал үстелінде аудандық газет жататын. Құр жатпай, оқылатын. Мұны ел азаматының руханият пен сұлулықты сүюі деп түсінемін, қазір.

Жақында ауданда әжептәуір ауыс-түйіс болды. Әкім орынбасарлары лауазымына облыс орталығынан Саят Мусин мен Нұржан Илияшев сынды ел азаматтары келді. Екеуінің де өз салаларында мықты тәжірибелері бар. Ендігі үміт соларда болмақ. Газет редакциясына қайнаған өмір қайта оралар. Өзіміздің студиямызды жарақтап, ел тізгіні ұстаған адамдармен, қонақтап келген руханият пен мәдениет өкілдерімен мағыналы сұхбат та құрармыз. Заманның талабы – осы. Әлгі, Qagan деген жобамыз да – газеттің бейне сипаты. Ендеше, бұл – бейнені жадына жылдам тоқитын қалың бұқараның сұранысына лезде ілеспек керек деген жанталас.

Негізі, газет – халықтың жоқтаушысы, оның тарихы мен мұң-мұқтажын жария етуші. Басылым бауырын жаза көсіліп, сараптамалық дүниелермен ауқымды мәселе қозғаса, аудан басшылығының жұмысы жеңілдемей ме?! Ешкімнің айтағына ермейтін, бейтарап басылым билік пен халықтың арасын жақындатпай ма?! Сұрақ – көп. Жауап – жоқ. Жұмысына алғаш кіріскен әкім Ерлан Құсайын: «Құрманғазы, газет мемлекеттік тапсырыста екен деп тартынба» деп дем берген еді. Анығында, ауданның «ауруын» білмек үшін істің жайы осындай ұсыныстан басталу керек деп ойлаймын.

Жарайды, тоқтайын! Жалықтырған шығармын. Қорыта айтқанда, ұлтқа өлшеусіз қызмет қылған «Қазақ» газетін (бұл газет те жекеменшік еді) ашқан Ахмет Байтұрсынұлына Ақайдың Қасені қалай қолдау көрсетсе, көненің тарихынан бүгін де сыр шерткен «Қарқаралы» газетіне сондай көзқарас деп ойлаймын. Бірер миллион артық бөлінсе, ақтаңдақтардың сырын іздеп, сабылып жүрген біздің еңбек болар.

**Құрметті жерлестер!**
**Қадірменді оқырмандар!**

Арқаның ең байырғы басылымы, баршамыз сүйіп оқитын аудандық «Қарқаралы» газетіне биыл 95 жыл толуда.

Осыған орай, баршаңызды, газеттің бүгінгі ұжымы мен осы басылымда еңбек еткен барлық ардагерлер мен қызметкерлерді айтулы мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын!

«Қарқаралы» газеті алғашқы саны 1930 жылы 7 қарашада жарық көрген сәттен бастап ауданның қоғамдық-саяси һәм рухани өмірінің айнасына айналды. Өзінің ғасырға жуық ғұмырында газет жергілікті қоғамның тыныс-тіршілігін, әлеуметтік және мәдени өмірін халыққа дер кезінде жеткізіп, аудан тарихын жинақтаушы әрі насихаттаушы рөлін абыроймен атқарды.

Газет бетінде көптеген майталман журналистердің, елге танымал баспасөз ардагерлерінің іздері қалды. Олардың қажырлы еңбегі мен өнегелі өмір жолы бүгінгі ұрпаққа үлгі екені сөзсіз.

Уақыт ағымына сай, газет редакциясының ұжымы жаңарып, жаңа мамандармен толығып, әрбір толқын аудандық басылымға жүктелген маңызды міндетті барынша жауапкершілікпен атқара білді.

Қазіргі таңда газеттің ұжымы жылдар бойы қалыптасқан игі дәстүрді сақтай отырып, заманауи талаптарға сай мазмұнды материалдарымен оқырмандарын қуантып келеді. Ауданның қоғамдық-саяси өмірінің маңызды жаңалықтары, жарқын оқиғалары мен өзекті ақпараттары газет бетінде үзбей жарияланып, тарих, мәдениет, руханият тақырыбындағы мақалалар да тұрақты басылуда.

Бұл мерейтой – өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қадам басатын маңызды кезең. Ақпараттар ағыны толассыз артып келе жатқан заманда бүгінгі газет ұжымы оқырман қауымға ресми хабарларды дәл әрі мүлтіксіз жеткізу міндетін одан әрі абыроймен атқаратынына сеніміміз мол.

Баршаңызды арқа баспасөзінің ардагер басылымының мерейлі белесімен құттықтай келе, газет ұжымына тың шабыт пен шығармашылық табыс тілеймін!

Құрметпен,
**Саят МУСИН,**
**Қарқаралы ауданы әкімінің міндетін атқарушы**
**Саят ОСПАНОВ,**
**Қарқаралы аудандық мәслихат төрағасы**

# Тарих тамыршысы

Цифрландыруға көшіп жатқан заманда «газет өшеді, қағаз құриды» деп айтушылар көп. Бірақ техниканың бір осал тұсы бар. Ол жылдар өте жадысы толып, немесе әлдебір вирустан, әйтпесе жаңарту кезінде мүлдем жоғалып кетеді.

Мұндай жағдай біздің де бастан өтті. «Айқын» газетінде жұмыс істеп жүргенде сайт жаңартылды. Ертеңіне бұрынғы жазылған жазбамды іздесем ұшты-күйлі жоқ. Табылмады ақыры.

Мұны сөз қылғаным газет – өміршең.

Осындай өміршең газеттің бірі «Қарқаралы» 95 жасқа толып отыр екен. Мақаламызды да «Тарихтың тамыршысы» деп атауымыздың өзі тегін емес.

Бүгінгі күн ертеңгі тарих болса, осы тарихты түгендеуші – газет.

Шаң басып архивте жатқанымен бір күні жарқ етіп шыға келетін де осы газет.

95 жас бұл Қарқаралының осы жылдар ішіндегі экономикалық өсуінің, әлеуметтік жетілуінің көрінісі.

Алты алашқа аты кеткен қасиетті Қарқаралының тарихы, әдебиеті мен мәдениеті де осы газеттің бетінде.

Арқа журналикасының бастауында тұрған «Қарқаралы» газетінің 95 жылдығы құтты болсын!

Оқырман төрінен орын алған басылымның жазары таусылмасын!

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
**«Арқа ақшамы» газетінің бас редакторы**

Қала тынысы

# Қарқаралы даму мен жаңғыру жолында

**Қарқаралы – табиғатымен ғана емес, тарихи болмысымен де ұлт жүрегінен ерекше орын алған қасиетті өлке. Ұлы тұлғалардың ізі қалған, ұлттық сана мен мәдениеттің діңгегіне айналған бұл қалада бүгінде басталған істер баршылық. Қаланың тұрақты дамуына Қарқаралы қаласының әкімі Асылан Рахымбергеновтің бастамасымен жүзеге асқан жүйелі жұмыстар мен тұрғындардың белсенді қатысуы зор ықпал етіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың айқын көрінісі. Биылғы жылы Қарқаралы қаласында әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық, экологиялық, мәдени және туристік бағыттарда ауқымды жобалар жүзеге асты. Төменде қаламызда атқарылған істер мен алда тұрған міндеттер жөнінде шолып өтпекпін.**



**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІН: ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ**

2025 жылы Қарқаралы қаласы халық санының тұрақты өсімімен және экономикалық белсенділікпен ерекшеленді. Бүгінде қалада шамамен 9,2 мың тұрғын өмір сүруде. Халық санының артуы жаңа әлеуметтік қажеттіліктерге жол ашуда. Қаланың негізгі тірегі – шағын және орта бизнес: 800-ге жуық кәсіпкерлік субъектісі қызмет атқарады. Биылдың өзінде 20-дан астам жаңа нысан ашылып, 60-қа жуық тұрақты жұмыс орны құрылды.

Жұмыссыздық деңгейі 1,4% деңгейінде, бұл – облыс бойынша төмен көрсеткіштердің бірі. Еңбекке тарту бағытында жастар тәжірибесі, «Күміс жас», қоғамдық жұмыстар сияқты бағдарламалар табысты іске асып, 200-ден аса тұрғын тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Бизнесті қолдау мақсатында 100 млн теңгеден астам қаржы жеңілдетілген несие мен грант ретінде кәсіпкерлерге берілді. Нәтижесінде қала бюджетінің кірісі өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға артты. Бұл – тек сандар емес, халықтың тұрмыс сапасының жақсарып жатқанын білдіретін көрсеткіштер.

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢҒЫРУЫ: ӨМІР САПАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР**

Қаланың басты проблемаларының бірі – ауыз су тапшылығы еді. Бұл мәселені шешу үшін басталған «Жарлы-Қарқаралы» топтық су құбыры жобасы аяқталды. 38,2 шақырым су магистралі тартылып, 3 скважина қазылды. Жоба толық қуатымен қараша айының соңында іске қосылды. Бұл – қала мен оған іргелес ауылдарды тәулігіне 1600 текше метр таза ауыз сумен қамтамасыз ететін жүйе болмақ.

Сумен жабдықтау көрсеткіші бүгінде 95% деңгейіне жетті. 2027 жылға қарай бұл көрсеткіш 100%-ға жетуі көзделіп отыр.

Кәріз жүйелері де кезең-кезеңмен жаңартылуда: биылдың өзінде 713 метр желі ауыстырылды. Алдағы жылдары жеке секторды да орталық жүйеге қосу көзделуде. Қалдық су тазарту станциясын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Электрмен жабдықтау, интернет желісі, байланыс – барлығы жаңғыртылу үстінде. 8 трансформатор мен 2 км электр сымы жаңартылды, 5G байланысын енгізуге негіз болатын база станциясы орнату жоспарлануда.

**ЖОЛ МЕН ЖАРЫҚ: ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ**

Қарқаралыдағы ең ауқымды жобалардың бірі – Т.Әубәкіров көшесінің күрделі жөндеуі болды. Ұзындығы 2,5 шақырымды құрайтын бұл көшенің толық жаңғыруына 1 млрд 226 млн теңге бөлінді. Сонымен бірге, Ә.Ермеков, Сеңкібай батыр, Абай, Жәнібеков көшелері орташа жөндеуден өтті. Жол инфрақұрылымының сапасы едәуір жақсарды.

Қарағанды–Қарқаралы республикалық жолының жөнделуі – туризм мен қатынасты жеңілдетуде үлкен серпін. Жаңа әдіспен (суық ресайклинг) жөнделген бұл жол сапасы мен жылдамдығымен ерекшеленеді.

Көше жарықтандыру бойынша 157 жаңа шам орнатылды. Түнгі уақытта қала қауіпсіз әрі жарық.

**АБАТТАНДЫРУ: КӨРІКТІ ҚАЛА – КӨРКЕМ КӨҢІЛ**

Қала келбетін көркейту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Биыл 5 мың түп гүл егіліп, 2 жаңа балалар ойын алаңы, көпқабатты үйлердің ауласын абаттандыру жұмыстары аяқталды. 130 қоқыс жәшігі жаңартылды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауқымды сенбіліктер өткізілді, 500-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды.

«Жасыл ел» жасағы, жастар белсенділігі мен тұрғындардың ортақ жауапкершілігі – қаланың тазалығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Тазалық – мәдениеттің көрсеткіші.

**ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ТЫНЫШ ӘРІ СЕНІМДІ ОРТА**

Қоғамдық тәртіп тұрақты. Ауыр қылмыстар тіркелмеген. Бұл – 64 жаңа бейнебақылау камерасының, жедел басқару орталығының және учаскелік инспекторлар жұмысының нәтижесі. Екі жаңа қызметтік автокөлік, заманауи бейнетіркегіштер құқық қорғау органдарына берілді.

Төтенше жағдайлар қызметтері де дайындықта: өрт сөндіру бөлімінің жаңа ғимараты мен техникасы, суға шомылу мен орман өрттерінің алдын алу шаралары нақты нәтижесін беріп отыр.




**ТУРИЗМ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕР**

Қарқаралының туристік әлеуеті артып келеді. 2025 жылдың жартыжылдығында қалаға 12 мыңға жуық турист келді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

Ең ауқымды жоба – «Бұғылы» рекреациялық аймағы. 75 гектар аумақты қамтитын кешенде этноауыл, экотур маршруттар, ойын-сауық паркі, глэмпингтер, тау шаңғы кешені салынбақ. Жоба 2026-2028 жылдары толық іске қосылады.

Қала маңындағы тоғандар, дәмханалар, хостелдер мен демалыс үйлері туристер легін қабылдауға дайын. Кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау – туризмнің табыс көзіне айналуына негіз болмақ.

**ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ХАЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ**

Қарқаралы қаласында биыл 20-ға жуық көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Орталық аурухана мен емхана жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қалада ветеринариялық станция, жеке тұрғын үй құрылыстары жалғасуда. Қазан айынан бастап Қарағанды-Қарқаралы автобусы қатынай бастады.

Алдағы уақытта жаңа мектеп, балабақша, емхана кеңейту жұмыстары да күн тәртібінде.

**МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖОСПАРЛЫ ШЕШІМДЕР**

Әрбір жетістікпен бірге, шешімін күтетін мәселелер де жоқ емес. Ішкі су жүйелерінің тозуы – 2025 жылы ең ескі 5 шақырым су құбыры ауыстырылады. Кәріз желілерін жаңғырту – кезең-кезеңмен іске асырылуда.

Асфальтталмаған көшелер – Құнанбай, Әуезов, Мамыраев, Ақбаев т.б. көшелер жөндеу жоспарына енгізілді. Тротуар тапшылығы – 2026 жылға дейін 13 000 ш.м. тротуар салу жоспарланды.

Қарқаралы бүгінде жаңару мен даму жолында нық қадам жасап келеді. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуі, инфрақұрылымның жаңғыруы, туризмнің өркендеуі – мұның бәрі әкімдік пен қала тұрғындарының бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Қала әкімі Асылан Рахымбергеновтің бастамалары мен жүйелі жұмысының арқасында Қарқаралы жаңа келбетін қалыптастырып, өңірдің даму үлгісіне айналуда. Алдағы мақсат – басталған жобаларды сапалы әрі уақытында аяқтап, халықтың өмір сүру сапасын одан әрі арттыру.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**

Қарқаралы жаңалықтары

**Аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусиннің төрағалығымен Қарқаралы ауданы әкімдігінде кеңейтілген аппараттық жиын өтті.**

# Кеңейтілген аппараттық жиын өтті

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары қатысты.

Жиын басында Саят Қабиденұлы кадрлық өзгерістер туралы хабарлап, жаңа тағайындаулармен таныстырды.



Атап айтқанда, аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің басшысы болып Серік Төлеубек тағайындалды. Серік Амангелдіұлы 2004 жылдан бері мемлекеттік қызметте еңбек етіп келеді. 2012 жылға дейін аудан әкімдігінің түрлі бөлімдерінде жетекші маман, бас маман және сектор меңгерушісі қызметтерін атқарған. Кейінгі жылдары аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімін, сондай-ақ экономика және қаржы бөлімін басқарған тәжірибелі маман.

Сонымен қатар, аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы қызметіне Меруерт Ахметова тағайындалды. Меруерт Амангелдіқызы 2008 жылдан бастап қаржы және экономика саласында қызмет етіп келеді. Бұған дейін аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі, кейін экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары лауазымдарын атқарған.

Жиын барысында аудан өміріне қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Атап айтқанда, ұлттық жобалар аясында жұмыспен қамту көрсеткіштері, аудан аумағындағы жедел жағдай, жылыту маусымының өту барысы, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету, тұрғын үй құрылысының қарқыны және пайдалануға берілетін нысандар талқыланды.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин әр бағыт бойынша сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, жұмыс тиімділігін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

– Әрбір бөлім мен округтің жұмысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан жауапкершілік пен нәтижелілік басты назарда болуы тиіс, – деді Саят Қабиденұлы жиын соңында.

**«Қарқаралы ауданы әкімі аппараты» ММ**

«Жыл мұғалімі – 2025»

# Үздік ұстаз анықталды

**Ұстаз – ұлттың рухани тірегі, елдің ертеңін қалыптастыратын ұлы мамандық иесі. Ол жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып қана қоймай, адамгершілік пен мейірімге, ізгілік пен іскерлікке тәрбиелейді.**



Осындай асыл міндетті абыроймен атқарып жүрген ұстаздар арасында 5 қараша күні Қарқаралы ауданында «Жыл мұғалімі – 2025» байқауының аудандық қорытынды кезеңі өтті.

Байқаудың негізгі мақсаты – педагог мамандығының мәртебесін арттыру, мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін, кәсіби шеберлігін, педагогикалық ұстанымын айқындау және озық тәжірибесін тарату.

Тартысты өткен сайыста қатысушылар өздерінің педагогикалық әдіс-тәсілдерін, инновациялық идеяларын, сыныптан тыс іс-шаралардағы ұйымдастырушылық қабілеттерін паш етті. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлде – М.Бәпиұлы атындағы №44 тірек мектебінің математика пәнінің мұғалімі Жазира Адамбаеваға бұйырды. I орын – Ә.Бүркітбаев атындағы №12 мектептің химия пәні мұғалімі Айгүл Шамакова, II орын – №19 тірек мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Баян Адамбаева, III орын – А.Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әсел Арапова жеңімпаз деп танылды.

Сонымен қатар, байқау барысында арнайы номинациялар табысталды. «Көрермен көз-айымы» – №20 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Меруерт Төлеуова, «Ең үздік үй тапсырмасы» – №8 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жадыра Оразбаева, «Ең үздік сыныптан тыс іс-шара» – №5 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Мұхамедьярова, «Ең үздік сабақ» – №16 мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айдана Әубәкірова. Барлық қатысушыларға аудандық білім бөлімі атынан Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

– «Жыл мұғалімі» байқауы – кәсіби дамуға жол ашатын, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды алаң. Мұндай сайыстар ұстаздардың шабытын арттырып, шығармашылық серпін береді, – дейді ұйымдастырушылар.

Байқау жеңімпазы Жазира Жақыпқызы Адамбаева алдағы уақытта облыстық кезеңде Қарқаралы ауданының намысын қорғайды.

Қарқаралылықтар атынан еңбегі еленген ұстаздарға табыс, ал Жазира Жақыпқызына облыстық додада жеңіс тілейміз!

**Меруерт БАЛКЕЕЕВА**

Қоғам және заң

# «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті

**31 қазан күні Қарқаралы аудандық мәдениет үйінде «Халық заңгері» атты жалпы республикалық акция өтті.**

Аталған іс-шараның басты мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін терең түсінуіне жағдай жасау және олардың күнделікті өмірде туындайтын құқықтық мәселелерін шешуге көмек көрсету.

Акция барысында аудан тұрғындарына жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, құқық қорғау құрылымдары, сот орындаушылары мен адвокаттар тегін құқықтық кеңес беріп, түрлі сипаттағы сұрақтарға жауап берді. Көпшілікті толғандырған мәселелердің қатарында жер қатынастары, әлеуметтік төлемдер, тұрғын үй және еңбек даулары, отбасы мен неке қатынастарына қатысты сұрақтар болды.

Тұрғындар өздерін қызықтырған мәселелер бойынша кәсіби заңгерлерден нақты әрі түсінікті кеңес алып, ризашылықтарын білдірді.

– Мұндай шаралар халыққа өте қажет. Көп жағдайда адамдар өз құқықтарын білмегендіктен, түрлі қиындықтарға тап болып жатады. Бүгін міне, заң саласының мамандарынан тікелей жауап алу мүмкіндігі туды, – дейді аудан тұрғыны.

Айта кету керек, «Халық заңгері» республикалық акциясы дәл осы күні еліміздің барлық өңірлерінде бір мезетте өткізілді. Мұндай ауқымды шаралар азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеруге, заңға деген сенім мен құрметті нығайтуға зор ықпал етуде.

**Диляра АРҒЫН**
*«Қарқаралы ауданы әкімі аппараты» ММ тапсырысымен*

# Айнасы Қарқаралы аймағының



**Қарқаралы өңірінің шежіресін жасаушы, аудан халқының «нәм көзі мен құлағы» әрі сырласы, облыстағы қазақша орысша шығатын үлкенді-кішілі газеттердің бәрінен бұрын дүниеге келген «Қарқаралы» газетінің алғашқы іргетасы қаланып, бірінші саны жарыққа шыққанына 95 жыл толып отыр. Үстіміздегі жылдың қараша айының 7-ші жұлдызында 95 жастың биігіне шыққалы отырған газетіміздің тарихы тым тереңде жатыр. Тамырын тереңге жайған 95 жылдық ғұмыры бар газетіміздің тарихи қатпарларына көз жүгіртсек, сәулелі жарығымен із салған небір асылдың сынығындай ауыз толтыра мақтанышпен айтатын әңгіме-шежіре аз емес. Шежіре күйдің тиегін ағыта пернесін қаксаңыз, жанымызды тербеп, әр жүректің қылын шерте шешен домбырадай төгілте жөнелмек.**

Газетіміздің алғашқы нөмірі «Еңбек туы» деген атпен жарық көрген, біраз уақыт өткен соң «Еңбек майданы» болып тарады. Бұл газет Орталық Қазақстандағы ең көне басылым болып табылып, округтік, аудандық газет болды.

Өйткені, Қарқаралы Орталық Қазақстандағы байырғы қалалардың бірі. Бұрынғы Қарқаралы уезіне қарасты 22 болыс елдің алып жатқан территориясы ұлан-ғайыр екені белгілі. Бір шеті Павлодар, Семей облыстарымен шектессе, бір шеті Балқашқа дейін созылады. Бұрын «Еңбек туы», «Еңбек майданы» деген атпен шыққан газет Қарқаралы, Баянауыл, Абыралы, Шұбартау, Қоңырат, Шет, Ақтоғай, Балқаш, Жаңаарқа, Қу (Бұрынғы Егіндібұлақ) аудандарына тараған.

Газеттің тұңғыш редакторы Жұмабай Орманбаев әуелде округтік комсомол комитетіне хатшы болып келіп, кейінірек газетке редактор болып тағайындалады. Ол кісі кейінде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде ұзақ жылдар бойы редактор болды, бірнеше кітаптар жазды. Оның орынбасары Медеш Оралдиев те қаламы жүйрік журналист еді. Ол «Қара бала» деген бүркеншік атпен коллективтендіру кезіндегі шолақ белсенділерді, солшыл, жеке басының пайдасын көздейтін мансапқұмарларды сынап-шенеді. Сөйтіп жүріп сталиндік репрессияның құрбаны болып, кейіннен ақталды. Газеттің алғашқы жауапты хатшысы Жүсіп Жантөрин екі тілге бірдей сауатты адам еді. Газеттегі біраз қызметтен соң Алматыға ауысты. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің баспасында аудармашы болып қызмет етті. Газеттің 40-шы жылдардың орта шеніндегі редакторы Тұмыш Сарғожаев, орынбасары Мақыш Құлмағанбетов, басқа қызметкерлері Малғаждар Нұржанов, Қанаш, Ахметжан Тұрғанбаевтар «Еңбек майданының» оқырмандарға мезгілімен жетуін қамтамасыз етіп отырды. Сол кездегі корректор Итбалин Хасен газеттің сауатты шығуын қамтамасыз етті. Аудандық баспахананы баянауылдық полиграфист Григорьев, Әпсаламов, Мансұр Мәжитов, Мұсатаев Әмірелер басқарып, терім цехында Хафиз Салықов жетекшілік етті.

«Еңбек майданының» әр санында ауылға бетбұрыс кезіндегі ұрандарға сай, коллективтендіру, алғашқы бесжылдықтар, отырықшылық өмір мәселелерін қозғаған мақалалар жарық көрді. Округтік партия комитеті газетке күнбе-күн басшылық жасап отырды, әсіресе екінші хатшы Ғатаулин Мансұрдың еңбегі үлкен болды. Округтер таратылып, аудан құрылған кезде «Еңбек майданы» екі беттік болып аптасына екі рет шығарыла бастады. Оған Әміре Жұманов, Тойбек Әбжәлелов, Мәди Сәрсенбаев, Зәрiп Қосыбаев, Айташ Омаров, Қосан Сәдуақасов. Әбікен Бақтыбаев, Мырзағұл Сәтбаев, Мақыш Құлмағанбетов, Оспанбай Орынтаевтар редактор болды. Аудандық газет еңбек майданының қаһармандары, колхоздық құрылыстың басшыларын, Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарын және майдандағы Нүркен Әбдіров, Мартбек Мамыраев, Петр Теряевтардың ерлік істерін елге паш етті. Сол жылдардағы қиыншылықтарға қарамастан мезгілімен шығып, тылдағы еңбекті жырлады. Соғыстан кейінгі тың және тыңайған жерлерді игерудегі еселі еңбектерді үздіксіз жариялап отырды. 1956 жылы газет «Коммунизм таңы» болып өзгеріп, аптасына үш рет (орысшасы «Заря коммунизма») шыға бастады. Сол кезде Оспанбай Орынтаев редактор, Рамазан Сағымбеков орынбасары болды. 1958 жылдың шілде айында редакторлыққа Шаймерден Сатыбалдин тағайындалды. Шаймерден ағамыз үзбеліксіз 15 жыл редактор болып жемісті еңбек етті. Ол кісінің тұсында аппарат жаңа қызметкерлермен толықты. Бұрыннан қаламы төселген Оспанбай Орынтаевтың, Ғабдиман Игенсартовтың, Шаймаран Мезгілбаевтың, Айташ Омаровтың қатарына Дүйсенбай Төлепбергенов, Шәкиман Төлеутаев, Сапарғали Ләмбеков, Ілияс Ысқақов, Ғалым Абдуллин, Еркін Ахметов, Қырықбай Есеев тағы басқалар келді. 1973 жылы редакторлыққа Заманбай Игіліков, орынбасарлыққа Айыпхан Жақатаев тағайындалды. Заманбай ағамызда 10 жылдан астам уақыт редактор болып газеттің өсіп өркендеуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

1991 жылдан бастап газет «Қарқаралы» деген атпен шыға бастады. 1987 жылы белгілі журналист Нәзипа Асқарова редактор болып тағайындалды. Ол он жылдан астам редакторлық қызметінде іскерлікпен жұмыс жасады. Осындай еңбегінің арқасында ол қазақтың тұңғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанова атындағы Қазақстан Журналистер Одағының лауреаты атағына ие болды.

1988 жылы Талды ауданы таратылып, қайтадан Қарқаралының құрамына қосылғаннан кейін «Коммунизм таңымен» бірге «Заря коммунизма» газетіде шыға бастады. Сол кезден бастап газет өзін-өзі қаржыландыру тәртібіне көшірілді. Сол жылдары орыс тілінде шығатын газетке Серік Торыбаев редактор болғанын айта кетуіміз керек. Газет Қарағандыдағы полиграфиялық өндірістік бірлестік баспасында Қазақстанда ғана емес, Одақта алғашқылардың бірі болып офсеттік басылыммен шығарыла бастады. 1997 жылы көрші Қазыбек би ауданы жабылып аудандық «Балқантау» газеті шығуын тоқтатқаннан кейін газет бұл өңірге кеңінен тарады.

Осы орайда өткенге тағыда шегініс жасай кетсек газеттің 95 жылдық ғұмырында кімдер редактор болды деген сауал көкейге оралатыны сөзсіз. Ұзақ жылдар осында қызмет істегенде осы сауал ойымнан кетпей көптеген құжаттарды ақтарып, өткен газет тігінділерін көтеріп осы жылдарда редактор болған ағаларымыздың аты жөндерін анықтадым. Бұл тізім толық құрамда алғаш рет жарияланып отыр. Бүгінгі редактор болып отырған Құрманғазы Өтебай бауырымызға дейін 17 адам редактор болып қызмет жасаған екен. Олар атап айтқанда;

1. Орманбаев Жұмабай – алғашқы редактор.
2. Оралдиев Медеш – 1932-1935 жылдар.
3. Құлмағанбетов Мақыш – 1935-1937 жылдар.
4. Сәтбаев Мырзағұл – 1937-1938 жылдар.
5. Жұманов Әміре – 1938-1939 жылдар.
6. Әбжәлелов Тойбек – 1939-1941 жылдар.
7. Сәрсенбаев Мәди – 1941-1944 жылдар.
8. Қосыбаев Зәрiп – 1944-1945 жылдар.
9. Омаров Айташ – 1945-1947 жылдар.
10. Сарғожаев Тұмыш – 1947-1950 жылдар.
11. Садуақасов Қосан (Қасен) – 1950-1954 жылдар.
12. Бақтыбаев Әбікен – 1954-1957 жылдар.
13. Орынтаев Оспанбай – 1957-1958 жылдар.
14. Сатыбалдин Шәймерден – 1958-1973 жылдар.
15. Игіліков Заманбай – 1973-1987 жылдар.
16. Асқарова Нәзипа – 1987-2000 жылдар.
17. Смағұлов Рымбек – 2000-2021 жылдар.
18. Өтебай Құрманғазы – 2021 жылдан редактор болып қызмет жасауда.

Есімдері тарих беттеріне мәңгілік жазылып қалған редактор ағаларымызбен қатар газетте бұрын қызмет істеген майталман журналист-жазушылардың аты-жөндерін атай кету орынды болмақ.

Олар Сапарғали Ләмбеков, ақиық ақын Серік Ақсұңқарұлы, Әбжан Омарбаев, Самат Жүнісов, Мейрам Сағымбеков, Дәурен Сүлеев, Қарлығаш Құспанова, Жолкен Тайтөлеу, Раушан Нұрша, Мақсат Омарбеков, Бекәділ Семкұловтармен қатар өзім 21 жыл редактор болғанда бірге қызметтес болған әріптестеріме де тоқтала кетуім керек. Майталман журналист Мақсым Омарбеков бастаған Шаймұрат Оспанов, Ардақ Қабықанов, Саян Несіп, Аян Кизкин, Бану Мұқашева, Дулат Жүнісбеков, Сағыныш Әбілова, Гүлім Жақыпханова, Данияр Ыдырысов, Исайын Есеев, Тиышбек Хамитов сияқты журналистермен қатар есепші, инженер-операторлар, кіші қамту қызметкерлері Құралай Төттімбетова, Гүлмира Ералина, Лаура Оразбаева, Тимур Төлегенов, Эльмира Хайруллина, Диана Түсіпбекова, Ләйлә Сыздық, Әсем Аралова, Қымбат Байбосыновалардың газетке сіңірген еңбектері ерекше.

Сонымен қатар ҚР еңбегі сіңген қайраткері, белгілі журналист, ұзақ жылдар бойы «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болған Мағауия Сембайдың тырнақалды мақалалары осы газетте жарияланғанын айта кетуіміз керек. Газет редакциясынан үш Қазақстан Журналистер Одағының лауреаттары шығып отыр. Олар Мақсым Омарбеков, Сапарғали Ләмбеков, Нәзипа Асқаровалар.

Осы орайда бұрын баспаханада, редакцияда түрлі техникалық жұмыстар істеген Нұрғайша Кәмерленова, Әнтай Аймағанбетова, Гүлнәзия Айтбаева, Алма Абдуллина, Рахима Жүнісова, Оркен Бейсекина, Алма Кәмерленова, Рымкеш Хамитова, Рая Омарова, Марал Жарылғасымова, Сағира Базылова, Дариға Аманжолова, Ақыбай Жақсылықова, Күлкен Әбәханова, Назкен Хасенова, Сәтбек Ахметов, Тұрсын Нұрсейітова, Анна Губчук, Нина Забородина, Қазыхан Оралбаев сияқты аға-апаларымыздың аты жөндерін атай кетуіміз керек.

Сайып келгенде «Тасқа түскен тарихы» 95 жылдық ғұмырды қамтитын газеттің 1930 жылдың 7 қарашасынан бері 12 мыңнан астам саны жарық көрген екен. «Қарқаралы» газетінде қызмет жасаған қаламгерлер Ғ.Игенсартов, С.Ләмбеков, Ә.Бақтыбаев, М.Омарбекұлы, С.Ақсұңқарұлының 30-дан аса кітап шығармалары жарық көрді. Соңғы он-онбес жылдың көлемінде газет редакторы Р.Смағұлов, журналистер М.Омарбеков, А.Қабыханов, А.Кизкин, Ш.Оспанов, Б.Мұқашева, С.Әбіловаларға облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты атақтары берілді.

Осындай керемет тарихы бар Арқадағы айтулы қарашаңырақ бүгінгі таңдада өзінің қалыптасқан сара жолынан таймай жемісті жұмыс жасап келе жатыр. Бүгігі таңда газет редакциясы Құрманғазы Өтебай бауырымыздың басқаруымен кейінгі заңнама талаптарына сай жарық көріп жатыр. Жаңа ұжымның жұмысына қашанда сәттілік тілеймiз.

Міне, апта сайын оқырманымен қауышып келе жатқан 95 жылдық тарихы бар «Қарқаралы» газетінің қысқаша өмірдерегі осындай. Өлкенің бар асылын бойына жиған, киелі мекеннің баурайынан шығып, оның бетіндегі қаймағы мен бал шырынындай тіршілік тынысынан сүзілген құнды деректер мен өзекті мақалаларын жария етіп, халықпен арадағы бұқаралық ақпараттың алтын көпірі бола бермек. Сондықтан, алдымызда келе жатқан газеттің 95 жылдық торқалы тойымен оқырмандарды, газет жанашырларын шын жүректен құттықтаймын. Той тойға ұлассын демекпін.

**Рымбек СМАҒҰЛОВ,**
**ҚР «Ақпарат саласының үздігі»,**
**Қазақстанның**
**Құрметті Журналисі.**

# Мінезі – бала, жазуы – дара жан еді

**Мінез деген кімде жоқ, әркімнің өзіне тән жолы тәрізді мінезі де болады ғой. Дегенмен, өмір деген ұлы сапардың үстінде кездестірген әріптес ағалар арасында Жөкеңнің – журналист, ақын Жолкен (Жолжақсы) Тайтөлеуовтің мінезі ерек еді.**

еңес Армиясы қатарындағы азаматтық борышымды атқарып келген соң, біраз күн ата-анамның жанында болып, 1978 жылдың 13 желтоқсаны күні сол кездегі Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газетінің редакциясына жұмысқа тұрдым. Жаңа құрылып жатқан ауданның мекемелері үшін арнайы салынған ғимараттар жоқ, барлығы дерлік лайықталған үйлерге орналасыпты. Мемлекеттік банк, жинақтау қассасы мекемелерімен бірге редакция бұрынғы мектеп үйіне жайғасқан екен. Редактор мен орынбасарының, машинка басатын екі қызметкерлер үлкен бөлмеде бірге отырады екен. Газет редакторы Зарқын Тайшыбаев (ол кезде елдің бәрі «ев», «ов» деген қосымшамен жүреді) төргі жақтағы стол басында отырған, отызды орталаған қызыл шырайлы жігітті: «Міне, мынау Жолкен ағаң, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі. Осы кісінің қарамағында тілші боласың», – деп таныстырды.

Зарқын мен Жолкен ағаларымыз түйдей құрдас екен. Жөкең, әкесі майданға кеткенде анасының құрсағында қалған шарана, 1942 жылдың тамыз айында туыпты. «Көктемде соғысқа алынған әкем байғұс бара салысымен, үш айға жетпей қаза тауыпты. Менің туғанымды да естімей кетті ғой бейшара», деп кейде Жөкең қамықса, Зақаң: «Әкесі соғыстан аман келсін деп мұның атын Жолжақсы қойыпты. Бұл тумай жатып әкесін жұтып алыпты», деп құрдасын одан әрі тұқырта түседі.

Қарағанды педагогика институтының тарих-филология факультетін тәмамдаған Жөкең біраз жыл Бесоба орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған екен. Кейін отбасылық жағдайымен Қарағандыға барып, «Орталық Қазақстан» газетінде корректор болып жүргенде Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газетінің редакторы болып бекіген Зақаң «Менімен бірге туған еліңе бар. Бөлім меңгерушісі етіп тағайындаймын, пәтер алып беремін» деп шақырған көрінеді.

Жөкең аудандық газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі лауазымына ие болғанда үшін журналист болғандай еді. Совхоздар мен бөлімше атауларын, директорлар мен мамандарды, ауылдың шеті-шегі жоқ науқандық жұмыстарының бәрін жақсы біледі. Әрбір іссапарға барған сайын құлаш-құлаш корреспонденция, репортаж, интервью, кейде очерктер әкеліп, бірер күнде жазып тастайды. Материалдарды айтқан уақытта дайындайды. Бөгелу, уақыттан кешіктіру деген ол кісіде жоқ.

Баладай аңғал, ойындағы сөзді іркпей айта салатын Жөкең іссапарға шығарда редактордан: «Мақтап келейін бе, жамандап келейін бе?», – деп сұрайтыны бар. Зақаң онда: «Осындай сөз бола ма екен? Шаруашылық жақсы болса, соны көрсет, нашар болса – сына!» – дейді күйіп-пісіп.

Редакцияда орын алған әлдебір жағдаймен бір-екі жылдан кейін Жөкең «Шұғыла» – «Восходпен» есеп айырысып, «Жезқазған туы» газетіне ауысып кетті. Сол кездері мен де отбасылық себептермен Егіндібұлаққа барып едім. Жыл аралатып Қарағайлыға, «Шұғыла» – «Восход» газетіне келсем, Жөкең осында ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі лауазымына қайта жайғасыпты. 1988 жылы Талды ауданы жабылған соң Жөкең Қарқаралыға, «Коммунизм таңы» газетіне ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып ауысты және зейнеткерлікке шыққанша осы лауазымда жемісті қызмет атқарды. Сондықтан, 95 деген биік белеске шығып отырған «Қарқаралы» басылымының тарихи жолында Жөкеңнің де дербес қолтаңбасы бар.

Жолкен Тайтөлеуовтің ауыл шаруашылығымен біте қайнасып кеткені соншалық, сол кездегі Баспасөз күні мерекесіне орай әзірленген қабырға газетіне ақын Серік Ақсұңқарұлы:

«Үңіліп міндеттеме, жоспарға да,
Жөкең жүр бір бара алмай достарға да.
Той күні өліп-өшіп ұйықтап жатса,
Түсінде көретіні қошқар ғана», – деп достық әзіл жазғаны әлі есте қалды.

Жөкең тамаша ақын еді. Тек мерзімді басылымдарға, ұжымдық жинаққа жарияланғаны болмаса, көзі тірісінде өлеңдері жеке кітап болып басылмағаны өкінішті. Жолкен Тайтөлеуовтің мәңгілік мекеніне, бақиына аттанғанына, міне жиырма жылдан асып барады. Талантты ақынның есімі, соңында қалған мұрасы мүлде ұмытылмауы үшін Қарқаралының кәсіпкер азаматтарының бірі қолға алып, кітабын шығарса, сауабы мол іс атқарар еді.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
**ҚР Мәдениет қайраткері**




# Керім елдің кемел шежіресін жасаушы

**Менің газетке құштарлығым 1970 жылдардың басында, 6-7 сыныптарда оқып жүрген шағымда басталды. Екінші тоқсан аяқталып, қысқы каникулға ауылға келген бетім. Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетінің жасыл бояумен шыққан Жаңа жылдық нөміріне «Боранда» деген атаумен басылым редакторы Кәрім Сауғабаевтың очеркі басылыпты. Кейіпкері «Арқалық» совхозында ұзақ жыл аға жылқышы болған Бөкен (Ермұқан) Төлеубаев ағамыз екен. Шығармаға Арқаның ақтүтек боранында бір қос жылқымен бірге ығып кетіп, шаруашылықтың жылқымен бірге ығып кетіп, шаруашылықтың малын аман сақтап қалған азаматтың ерлік еңбегі мен қажырлылығы арқау болыпты. Ата-анамыз хат танымаса да тасқа басылған сөзді, осы күнгі діншілдер тәрізді, пайғамбардың хадисінен кем көрмейтін адамдар. Екінші жағынан алғанда, қазіргідей электронды ақпарат құралдары түгілі теледидар келмеген түкпір шеттегі ауыл адамдары үшін газет сөзі құранмен шендес, «Шалқар» радиосы ең басты жаңалықтар мен көңіл көтеру көзі еді.**



Мектеп бітіретін түлектің алдынан «қай оқуға барып, қандай мамандық иесі болсам екен?» дейтін сұрақтың туатыны хақ. Химия пәнінен сабақ берген Нағима, Мәмила мұғалімдердің әсері ме, әлде Тұрымтай досымның еліктіруі ме, мен бұл кезде болашақта оташы дәрігер болам деп шешіп қойғам. Сол кезде жоғарыда аты-жөні айтылған Кәрім ағамыз: «Інішегім-ау, қазір судың формуласын жаза білмейтіндер де медицина институтына түсіп, дәрігер боп шығып жатыр ғой. Сен де, солардың қатарын толтырарсың. Қабілет-қарымың жетеді, журналистикаға баруың керек», – деп басқа арнаға салып жіберді. Міне, содан бері жарты ғасырдан асты, журналистика деген мамандықтың жалына жармасып, аймақтағы қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуына азды-көпті үлес қосып келемін.

1975 жылы 20 тамызда «Ленин туы» газетінің редакциясында әдеби қызметкер (тілші) болып еңбек жолымды бастағанда Қарағанды облысының екі ауданында – Қарқаралы мен Егіндібұлақта ғана қазақ тілді басылым бар-ды. Шет пен Ақтоғай және кейін құрылған Ағадыр ауданы 1972 жылыірге көтерген Жезқазған облысының құрамына берілген болатын. Қарағандының өзі мен серіктес қалаларында және қалған жеті ауданында терістіктегі өктем жұрттың тілі салтанат құрып тұрған. Әрине, газеттері де орыс тілінде шықты. Кейін Қарқаралының Қарағайлы кенті, Жамбыл, Фрунзе атындағы, «Еңбек», «Қырғизия», «Прогресс», «Бақты», сол кезде Егіндібұлаққа қараған «Доғалаң» совхоздары негізінде Талды ауданы құрылды. Газеті «Шұғыла» – «Восход» деген атаумен қазақ және орыс тілдерінде шықты. Қазақшасы басымдау еді.

Осы «Ленин туы» мен «Шұғыла» – «Восход» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болған жылдары Қарқаралының «Коммунизм таңында» Айыпхан Жақатаев, Сапарғали Ләмбеков, Мақсым Омарбеков, Самат Жүнісов сияқты, алды 15-20, соңы 5-10 жыл қалам ұстаған «мүйізі қарағайдай» журналистер қызмет атқарды. Осы алдыңғы толқын ағалардың бәрімен дерлік араласып тұрдық. Оған аудан орталығы Қарағайлыда алғашқы кездері дербес баспахана болмағандықтан, «Шұғыла» – «Восход» газеттерінің іргедегі Қарқаралыда басылуы да әсер етті. Енді ғана ұйымдасып жатқан жас ұжымға, мамандары көп тұрақтамайтын «Шұғыла» – «Восход» газеті үшін «Коммунизм таңы» үлкен мектеп еді.

Қазақстандағы аудандық және қалалық газеттер бастауын отызыншы жылдардың ортасынан, алапат аштық басылған, ел отырықшыланған кезден алады. Қарқаралыда алғашқы нөмірі «Еңбек майданы» деген атаумен 1930 жылы 7 қарашадан шыға бастаған газеттің орны бөлек. Ол уақыттары дербес округ, қазіргі облысқа бергісіз аумақты алып жатқан талыстай өңірге «Еңбек майданы» жаңа өкіметтің коммунистік идеологиясын таратып, кеңес империясының негізін қалаған «күн көсем» В.И.Ленин айтқандай, «Ұжымдық үгітші, ұжымдық насихатшы ғана емес, ұжымдық ұйымдастырушы» міндетін атқарды. Өкініштісі, газетті ұйымдастыруға кім мұрындық болғаны, аптасына неше рет және қанша таралыммен шыққаны, форматы қандай болғаны, редакцияның алғашқы қызметкерлері мен тұңғыш редакторы туралы деректер дәл қазіргі таңда қолымда жоқ.

Жоғарыда айтқанымыздай, алғашқы нөмірі шыққанда басылым Семей губерниясының үлкен бөлігін, сол кездегі Абыралы, Ақсары, Балқаш, Беріккара, Құ, Шет, Шұбартау аудандарын біріктірген үлкен округтің ресми органы болатын. Қолына қан шеңгелдеп келген большевиктер өкіметінің санаға сыймайтын бұйрық-жарлықтары мен өрескел әпербақандығына қарсы болған жергілікті тұрғындар көтеріліске шығып, республикада бүліншілік бой алып тұрған, күнкөрістік малынан айрылған халық аштан қырылып жатқан кездің өзінде коммунистік партия идеологиялық жұмысқа қатты мән беріп, газет шығару ісін тоқтатпаған екен.

Рас, 1930 жылдың соңында округ таратылып, газет аудандық басылым деңгейіне түседі. Бірақ, 1934 жылы округ қайта құрылғанда оның құрамына кейінгі Баянауыл, Жаңаарқа, Қарқаралы, Қоңырат (қазіргі Ақтоғай), Құ (қазір Қарқаралы ауданының құрамында), Шет аудандары біріктіріліп, «Еңбек майданы» газеті осы аумақтағы сауатты тұрғындарға коммунистік партия мен жергілікті кеңестік биліктің шешімдерін жеткізіп, атқамінер белсенділердің мінберіне айналды. 1936 жылы округ таратылған кезде, қайтадан Қарқаралы аудандық партия комитеті мен кеңесінің органы болды. Округ құрамындағы аудандар Қарағанды облысына қосылды.

«Еңбек майданы» газеті кеңес үкіметі пен жергілікті биліктің пәрменін бұқараға жеткізумен қатар бірте-бірте Қарқаралы өңіріндегі тұрғындың үніне, халықтың рухани қазынасына айналды. Басылымның сарғайған беттеріне зер салған оқырман Ресей патшалығының отаршылдық саясатын жалғастырған кеңес өкіметі ғасырлар бойы көшпелі өмір сүрген жұртты озбыр зорлықпен отырықшылдыққа көшіргенін, оның алғашқы нәтижелері қандай апат әкелгеніне, «Асыра сілтеу болмасын, белдеуде бұзау қалмасын» деген ұран қазақ ауылдарында қалай жұмыс істеп, тұтас ұлтты адам құлағы естімеген аштық нәубетіне ұшыратқанына сараң ақпараттардың өзінен-ақ көз жеткізеді. Тапқа жіктелу кезінде, саяси қуғын-сүргін жылдары әке мен бала, аға мен іні біріне-бірі жала жауып, өлімге қиғанын, итжеккенге айдатқанын біледі басылым. Газет ІІ дүниежүзілік соғыс жылдары етігімен қан кешкен ерлермен бірге майдан даласына аттанып, олардың орнында колхоздың малын баққан, шөбін шапқан, жерін жыртып, егінін орған шал-кемпір, жесір әйел, жетім бала болып суыққа тоңды, ыстыққа күйді. Сол кездегі Қарқаралының «Еңбек майданы», Құ ауданының «Сталин жолы» беттерінде әр колхоздың, жекелеген адамдардың майдан үшін қалай еңбек еткені, жеңіске қандай үлес қосқаны жайлы ақпараттар бар. Бұл газеттерді қосақтап айтып жатқанымыз, Қарқаралы мен Құ аудандары біріктірілген 1963-1965 жылдары және 1997 жылдан беріде ортақ аудиторияға тарап келеді.

ІІ дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі жылдары «Қазақстан КП аудандық комитеті мен халық депутаттары аудандық Советінің органы» деген мәртебемен оқырман қолына тиген басылым халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың игеру науқандары мен олардың кейіпкерлерін көрсетті. Кеңестік жоспарлы экономика мен советтік өмір салтының «артықшылықтары», оны құрушылардың тыныс-тіршілігі, қажырлы еңбектері бұқараға ең таяу тұрған басылым журналистері мен қоғамдық тілшілердің негізгі нысаны болды. Осы кезде газет оқырман қауымның рухани әлеміне, қалыпты тыныс-тіршілігіне нақты көңіл бөле бастады. Басылым беттерінде мекеме, кәсіпорын басшылары мен мамандардың ой-пікірлері, оқырмандардың ұсыныстары, әдеби-көркем материалдар басым жарияланды. Өмірде кездесетін келеңсіз оқиғалар мен құбылыстарды, тіршіліктің көлеңкелі жақтарын көрсететін сатиралар мен сын-сықақтар жариялайтын «Қарқаралы қармағы» («Еңбек майданы»), «Ұр, тоқпақ!» («Ленин туы») сияқты арнайы топтамалар беріле бастады. Газеттердің беттерінде кейін ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көрнекті өкілдері болып қалыптасқан жүздеген талантты ұл-қыздардың тырнақалды шығармалары жарияланды.

Қазақтың тарихына «Қарқаралы құзырхаты» («Қарқаралы петициясы») деген атаумен кіріп, халықтың азаттығы жолындағы күрестің бағдарламасына айналған құжат жазылған өңірде құрылған газетте Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Нығмет Нұрмақов сияқты ұлы тұлғалардың көзін көрген, ұлтқа қызмет ету парыз деген өсиетін естіген адамдар қызмет жасады. Аманжолдың Қасымы айтқандай «Арпалыс, ала құйын заманалар арбасып тұрып алғанда» бойдағы бары мен ойдағы нәрін оқырманға бере алмаса, кінәні басылымның алғашқы қызметкерлеріне емес, Еуразия кеңістігін озбыр саяси күрестер алаңына айналдырған коммунистік идеология «қаһармандарына» қою керек. Мысалы, 1952-1957 жылдары Құ аудандық «Ленин туы» газетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған Нескен Бейсенбеков ағамыз қазіргі заман үшін күлкілі, ол кезең үшін қауіпті де қасіретті естелігімен бөліскені есімізде.

– Жеке басқа табыну шарықтау шегіне жеткен кезінде, Сталин дәуірінің соңында «Ленин туының» жарты бастығы бола қалдым. Штатта редактор, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, тілші және хатшы-үй сыпырушы ғана бар. Редакторымыз ұдайы сапарда, ауылдың қысы-жазы бітпейтін науқандық жұмыстарына аудандық партия комитетінен өкіл болып жүреді. Жұмасына бір рет редакцияға бас сұғып, лездеме өткізеді. Қалған уақытта билік менің қолымда. Көлемі жарты баспа табақ болса да, аптасына үш рет шығатын газет мақала шақ келтірмейді. Бөлім меңгерушісі мен тілші кезектесіп аудандық партия комитеті, атқару комитеті, қала берді ауыл шаруашылығы басқармасы, сот, прокуратура сияқты органдардың жиналысында жүреді. Газетке мақала жазатын адам жетіспейді. Елде сауатты адамдар аз болғандықтан штаттан тыс тілшілер корпусы әлі қалыптаспаған. Бюро мен пленумның, сессиялар мен мәжілістердің есебінен, шаруашылық хабары мен еңбек ұйымдарының хат-хабарынан бос қалған орынды толтыру үшін И.В.Сталин жолдастың әртүрлі төрт-бес портретін ұстап отырамын. Газеттің кезекті нөміріне материал жетіспейтінін аңғарсам, бірінші бетке Стекеңнің портретін салып, астына «СССР Министрлер Советінің Председателі, КПСС Орталық Комитетінің хатшысы, Совет Одағының маршалы, Генералиссимус» деп жазып қоямын. Бұл жағдай кейде аптасына екі рет қайталанады. Жай уақытта әлдебір деректерден, адам аты-жөнінен кетіп қалған қате үшін ескерту жасап, қоқан-лоқы жасайтын партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі де, идеология хатшысы да, басқалар да ауыз ашпайды, – дейтін еді әріптес ағамыз.

Кеңес билігінің қылышынан қан тамып тұрғанда, идеология саласында, оның ішінде баспасөзде қызмет жасағандар, діншілдердің тілімен айтқанда, қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпірдің үстімен жүргендей болатын.

Әңгіме болып отырған жылдары жарық дүние есігін ашып, мектепке барар-бармаста аудандық газетті қолымызға ұстаған біздің буын Ғабдиман Игенсартов, Жұмабай Орманбаев тәрізді ілгері буын өкілдерінің есіміне қанық болды. Жұмабай атамыз ойранды отызыншы жылдары Қарқаралының «Еңбек майданы» газетіне басшылық жасаған алғашқы редакторлардың бірі екен. Осы марғасқалардың ізін алып аудандық басылым жұмысына Әбжан Омарбаев, Айташ Омаров, Шаймаран Мезгілбаев, Ғалым Абдуллин, Шәймерден Сатыбалдин, Хасен Рахымбеков, Амантай Сағындықов, Нұртаза Бәкіжанов, Айтқазы Нұрбеков, Сапарғали Ләмбеков, Мақсым Омарбеков сияқты ағалар араласты. Бұлардың біразын көзіміз көрді, кейбірімен қаламдас, әріптес болдық. Ақын Кәрім Сауғабай, ғалым, профессор Зарқын Тайшыбай қолыма қалам ұстатқан, қызмет жолымды енді ғана бастағанда редакторларым болған ұстаздарым. Кейін Қарқаралының кең арнасына қосылған «Ленин туы» (кейінгі «Балқантау») және 1977-1988 жылдары дербес отау болған Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газеттері редакцияларында Мұқан Ғаббасов, Ағымбай Әлмағанбетов, Жолкен Тайтөлеуов, Ғаббас Смағұлов, Нәзипа Асқар, Дәурен Сүлеев, Дүйсенбек Ысқақов, Жұмабике Жүнісова, Анария Досмақова, Қанат Мақышев, Рымбек Смағұлов, Бекәділ Семқұл, Тұрсын Жұмаш сияқты қаламгерлермен қоян-қолтық араласып қызмет атқардық. Осы басылымдарға фотосуреттермен айғақты дерек және көрік берген Қатай Шакаманов, Еркін Ахметов, Сапартай Омарғалиев, Балқан Ахметов, Ерғали Қатаев, Шаймұрат Оспанов тәрізді фототілшілер өңір шежіресін жасауға үлес қосты.

Айтпақшы, Н.С.Хрушев жергілікті партия ұйымдарын индустриалдық және аграрлық деп бөліп, кейін олар қайта қосылғанда «Еңбек майданы» газеті «Коммунизм таңы» деген атқа ие болды. Еліміз тәуелсіз республика екенін жариялаған 1991 жылдан бері қазіргі атауымен оқырман қауымға тарап келеді.

Кеше, 7 қарашада 95 деген торқалы жасқа толған «Қарқаралы» газеті кейбір әкім-қаралар пайымдайтындай, эріккен жұрттың көңілін аулап, аудан өмірінен әлдебір ақпаратты жарыққа шығаратын бірер парақ қағаз емес, Қарқаралы деген қасиетті топырақтың, талыстай өңірдің тарихи шежіресін жасап келе жатқан құдіретті құрал. Оның беттерінде ондаған мың адамның өмірбаяны, тіршілігінің мәні, қуанышы мен қайғысы, жетістігі мен реніші бар.

Тоқсаныншы жылдары коммуналдық қазынашылдық мекеме болып құрылған газет редакциясы 2012 жылы жауапкершілігі шектеулі серіктестік мәртебесін иеленді. Бұқараға жақын басылым жергілікті билік үшін қажетсіз болғаны осы, электрондық БАҚ өрістеген кез. 2021 жылы аудандық және қалалық газеттер жеке меншікке сатылғаннан беріде өгей баланың күйін кешіп келеді. Қоғамдық желіде жалған ақпарат, тіпті мемлекеттік саясатқа, ұлттық мүддеге нұқсан келтіретін жазбалар көбейгеніне қарамастан, иегінің астындағыны да көрмейтін кейбір басшылар ресми хабардың маңызын кемітіп, жергілікті басылымды «шөміштен қысуды» әдетке айналдырды. Әлемдік практика газеттің күні өтпегенін, қоғамды дамытуда ол әлі жетекші орында екенін дәлелдеп келеді. Солардың мығым сапындағы «Қарқаралы» қоғамдық-саяси газеті Әлихан Бөкейхан айтқандай «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып оқырманымен бірге жасай беретіні күмәнсіз.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

# Әр аймақтың жылнамасы – баспасөз ғой, тегінде...

**Қарқаралының «Коммунизм таңы» деп аталатын аудандық газетіне кезекті еңбек демалысында жүрген жерімнен шұғыл шақыртылып, ҚКП Қарағанды обкомының шешімімен І987 жылдың жазында редактор болып тағайындалуыма, біріншіден, алыс Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін оқып-тауысқандығым, екіншіден, практикалық қызметті университеттің 2-курсынан Егіндібұлақ аудандық газетінде жемісті бастағандығым, үшіншіден, 1973 жылдан СССР Журналистер одағына мүше болып қабылданғандығым, сол жылдан бастап обкомның «Аудандық баспасөзге резерв-кадр» санатында тұрғандығым себеп болғанын, мені Қарқаралының редакциясына жеткізіп, ұжымға таныстырған Қарағанды обкомының мүшесі, Отан соғысында дұшпанды әскери ұшағымен жайратысқан ардагер, Одаққа танымал полиграфист, аудандық газеттерді қара бояуға малшынған цинк әріптермен басып шығаратын ескі типографияларды бір жұманың ішінде күресінге жібертіп, орнына Қазақстанда тұңғыш офсеттік «Полиграфия» кәсіпорнын ашқан Мәлік Имашев жарықтық жол бойы әңгімелей келіп, таяу жылдары еліміздің беріктігіне сын боларлық замана дауылы соғып өтетінін тұспалдап, сол қиындықтан қаймықпауымды ескерткен еді...**



Осы тұста айта өтейін, баспасөз ісінің реформаторы, журналист-жазушы Мәлік Имашевтің бастамасын келесі жылы Қарағанды баспасөзінің тарихы облыстық газеттерімізден бұрын басталғандықтан, оның облыстағы «Аға газет» атануға құқылы облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» редакциялары да қолдап, ежелгі линотип машиналарының бір данасын музейге, өзгесін металлоломға тапсырып, офсеттік баспахана ашқан болатын. XX ғасырдың 80 жылдар бітісінде күллі Қазақстанның баспа ісі офсетке, одан біртіндеп компьютерлік технологияға көшті. Бүгінде ел басшылығының аузынан түспейтін «Цифрландыру», «Жасанды интеллект» негізі сөйтіп аудандардан басталғанды.



Замана өзгерісін сезген мен де алғашқы нөмірден бастап газет жұмысын жаңаша ұйымдастыруға кірістім. Анам Зияда - қарқаралылық болғандықтан, бала шағымда мұнда талай келіп жүргеніммен, оның тарихын есейгенде зерделеппін.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Екіншіден, газет жұртқа қызмет ететін, адамның құқығын қорғайтын құрал» деген Ахаң мен Мағжанның аузынан шыққан цитатты университте жаттағанның бірі – мен Кемпірбай және Әсеттің үнін тыңдаған бұл өңірдің газетін алғаш шығарған Айташ Омарұлы, Тойбек Әбжәлелов, Шәймерден Сатыбалдин, Айыпхан Жақатаев, Шаймаран Мезгілбаев, Әбікен Бақтыбаевпен араласып, сөздерін тыңдаған кісімін. Әсіресе, әкем Асқаров Қожаны жақсы білетін Айташ атаның үйімен жақын араластым.

Ал енді осы тұста кейінгілерге бір білдіретінім – Қарқаралы екендігі. Неге десеңіз, біздің «Еңбек майданы» І930 жылдан, «Қарағанды» деген қала өмірге келмеген, картаға түспеген кезден, Семей облысының құрамындағы Қарқаралы округі кезінен – Ақсары, Дегелең, Тоқырауын, Темірші, Едірей, Қу... деп кете беретін 24 болысқа тараған бірден-бір газет еді де, Қарағанды облысының құрамына І936 жылдан бастап кіргені энциклопедиялық әдебиеттерде жазулы тұр.

...Сонымен, менің редакторлық қадамым нағашыларым тұратын Қарқаралы қаласының ежелгі ғимараттарын фототілші Шаймұрат Оспановпен бірге аралаудан басталды: ең әуелі екі ғасырлық тарихы бар Қарқаралыдағы станица кезінен көпес Рязанцевтар стилімен қарағайдан салынған, есік-терезе әшекейіне дейін жақсы сақталған «Корниловтар үйі» атанған ғимаратқа сәлем бердім: 1870 жылы Орта жүзде Арғынның ұрпағы Мәриям екеуінің отбасылық одағынан туған, Ресей империясы үшін тағдырлы 1917 жылдың алғашқы жартысында Орыс армиясының Бас қолбасшысы дәрежесіне дейін көтерілген Лавр Георгиевич Корнилов сол үйде туып-өсіп, нағашыларының тәрбиесінде болған ғой. Қалада ұрпақтары тұратын Морожниковтер, Апсалямовтар, Бекметовтар, ерлі-зайыпты оқымысты Богдан мен Анна Ясенецкийлер, Саворовскийлер, Плотниковтар, Леймандар, Завьяловтар, Золкиндер, Дремовтар, Чемодановтардың аталары сол Рязанцевтармен жасты шығар. Ал, мұнан соң аға сұлтан Құнанбай мен ғұлама Абайдың, Потанин, Пришвиндердің, алашордашылардың, Нығмет Нұрмақов пен Абдолла Асылбековтің, революция жолында шәйіт болған 74 коммунардың ізі қалған тарихи ғимараттарға тәу еткенім айтпасам да түсінікті. Аудан шаруашылықтарын аралағанымда, әр ауылдағы еңбек және соғыс ардагерлерімен, интеллигенция қауымымен жүздестім, ауыл тілшілерінен ел мен жер тарихынан естігендерін жазып тұруды өтіндім. Сол қоғамдық негізде «Ауыл тілшісі» қызметін атқарған Ғайнолла Алдажұманов, Сембір Дәулетбаев, Әбіл Ақынов, Рымбикеш Қыныбаева, Көкіш Мұстағұлов, Хамит Қойбағаров, Әбікен Әбдіхалықов, Қайырбек Ахметов, Дәкен Қабанбаев, Еркін Көпішев сынды асыл жандардың газет ісіне ықыласын немен безбендерсің!.. Өлең жазуға әуес жастардың алғашқы туындыларын, бүгінде атақты фермер Шахмерденовтың, бүгінде облыстағы ең басты телестудияның директоры Берік Дүйсетаевтың, бүгінде «Қазақфильмнің» бас редакторы Дидар Қосылбековтің шығармаларына «нөмірге!» деген бұрыштама соғып, газетке жіберген сәттер қайтып оралар ма. Газеттің екі мың дана тиражы жаңа І988 жылы бес мыңға жеткендігінде штаттан тыс қаламгерлердің үлесі көп еді. Байтұрсыновтар, Бөкейхановтар бастап берген жолды даңғылға айналдырған алғашқы кеңестік мектеп ұстаздары Бүркітбаев Әлібек, Тезекбаев Шәймерден, Шаекин Күзембай, Суханберлин Ошақбай, Смағамбетов Дүйсетай, Исағұлов Зейнолла, Жазыбаев Мекебай, Медеубаев Мұқанның, олардан кейінгі толқын - Бәйішова Ләззат, Смағұлова Мағия, Мақышев Мағауия, Әрінова Мәдиша, Әбдіхалықов Әбікен, Нағашбаева Әзиза, Әбеев Қазыбай, Сәдуакасова Рымбала, Медеубаева Қалияш, Бұқарбаев Рақымжан, Жаманқұлов Жәнібек, Сағымбеков Армия аттарымен әртінгі де бертінгі сауатты қоғам байланысты болса, ауданның әлеуметтік-экономикалық, құрылыс-техникалық, саламаттық-жасампаздық әлеуетін мықтауға білім-қажырын арнап өткен Мыңжасар Әдекенов, Шәкәрім Қалиев, Мерхайыр Қағазбаев, Сұлтан Аманбаев, Зейнолла Қосшығұлов, Зейнолла Исағұлов, Қапан Әбеуов, Жұмажан Қасымов, Қапан Мұқтаров, Салықбай Нарымбеков, Амантай Хасенов, Зейнолла Тоқболатов, Еркін Қасымжанов, Хакім Зәкішев, Зада Түсіпов, Ибрайымхан Жүкібаев, Руслан Тәшенов, Сағаткәрім Смақов, Нариман Орманбетов, Болат Серікбаев, Совет Қабылдин, Марат Бейсекин, Серік Мәуленов, Әблхайр Нұржанов есімдері газеттен жиі көрініп, жұртшылықтың арқасүйер тұлғаларына айналды.

Газетіміздің атауын көпшілік оқырманның дауысымен «Қарқаралы» деп өзгертуден бастап, Қазақстанда тұңғыш болып мерзімдік баспасөзде «Коммерциялық қызмет» аштым. Алматыда өткен республикалық семинарда таратылған бұл бастамам 1992 жылы аудандық газеттерден бастап, елдегі барша газеттер практикасына енгізілді. Қазақтың тұңғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанова атындағы Журналистер одағының сыйлығына ұсынылып, лауреат атандым, аудандағы саяси-мәдени шаралардың белортасында жүріп, газетіміздің әр нөміріне мақалалар жазуға уақыт таптым, облыс әкімі М.Есенбаевтың Құрмет грамотасымен марапатталдым. Талды және Егіндібұлақ аудандары жабылғанда, осы аумақтардан екі «Меншікті тілші» штатын аштым. Мәлік Имашев ақсақал болжаған заман туып, Кеңестер одағы ыдырап, шала-шарпы дайындықпен басталған «Нарықтық экономикаға» көшудің аса қиын жылдарында газетіміз «Шағын кәсіпкерлікке – жасыл көше» айдарымен жекешеленудің алғашқы қарлығаштарының іс-әрекетін насихаттады, ауданымызға исламист-ғалым Ақжан Машановтың келуі бізге тың тақырыптар нұсқады: аудан әкімінің араласуымен республикалық «Мәдени жаңғыру» қорының қаржысына жарты ғасыр бойы иесіз қалған Құнанбай қажы мешіті ежелгі сәулет үлгісімен жаңғыртылып, жүз жастағы Зейнолла қажы, ислам мәдениетінің білгірі «Шағатайшы» Мұқаметқали мұсылмандық рәсімдерді жүргізе бастады, Алматы Ислам институтының түлегі Т.Әуесханұлының бастамасымен газетте «Ислам шапағаты» айдары ашылды. Сондай-ақ бұл жылдары ата-анасы ерте қайтқандықтан, Теміртаудағы тәтесінің қолында тұрып, авиация үйірмесінде шұғылдануы Ресей сынақшы-авиаторлар оқуын бітіруіне жол ашып, көзсіз ерлігімен «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған қарқаралылық Тоқтар Әубәкіровтің арада отыз жыл өткенде туған елімен қауышуының сәтін түсірген біздің газетіміздің Мақсым Омарбеков жазған мақаласы себеп болды. Газетіміз сондай-ақ елу жылдай ескерусіз қалып, халық санасынан өшкен Наурыз мейрамының жаңғыруына көп жұмыс жасады. Сценариін өзіміз жасап, тұңғыш Наурыз мейрамын редакция ұжымы өзіміз дайындап, өткізіп бердік.

Аудандық газеттер Қарағанды «Полиграфия» өндіріс-коммерциялық бірлестігінде шыға бастаған аз жылдың ішінде бұл кәсіпорын миллионерге айналды да, М. Имашевтың әкелік қамқорлығымен осы кезде (1992-1999ж.ж.) 50 процент жеңілдікпен бірнеше газетші баспана жағдайын түзеп алды. М.Омарбеков жүз жылдық тарихы бар үйіне капремонт жасатты, Д.Сүлеев пен Ш.Оспанов қора-қопсылы үй сатып алысты. Бұл жылдары Қарқаралыда алғаш газетке қатысқан ақын Ғ.Игенсартовты, баспаханашы С.Базылованы, жазушы-журналист Ә.Омарбаевты еске алу кешін, С. Ләмбековтың, С. Ақсұңқарұлының мерейтойын ұйымдастырып, өткіздім. Өзіме ұсынылған «Отличник печати» төсбелгісін Сапкеңнің атына рәсімдеткіздім. Аудан басшысы Т. Шахарбаевтың қолдауымен газетіміздің 60 жылдығына республиканың Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбеков сынды атақты қаламгерлері келді, журналистерім арнайы марапаттарға бөленді. Редакция қаламгерлерінің бастамасымен Қасым Аманжоловтың 80 жылдығы алғаш рет туған жері Қарқаралыда ақынның жары мен қыздарының қатысуымен басталып, республика көлемінде атап өтілді. Қарқаралыда ақынға ескерткіш қойылды. Ақын шығармасының жаңа жинағы жарық көрді. Қасым ақынның Алматыдағы тойына қатысу құрметіне, одан соң Абай абыздың ЮНЕСКО деңгейінде Семейде атап өтілген 150 жылдығына қатысу құрметіне ие болдым.

Аудандағы ең көне мектеп ғимаратын шаң жуыртпай сақтап, бала оқытып отырған Халық ағарту ісінің үздігі Мағауия Мақышев мектебінің мерейтойын өткізуге атсалыстық.. Университеттік ұстазым Рамазан Сағымбеков атын туған жеріндегі мектепке беру ісіне, Қарқаралының әртінгі тарихын Санкт-Петербургтегі патшалық Ресей архивінен тауып алып, бізге жолдап тұрған өлкетанушы журналист Юрий Поповқа «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағын бергізу ісіне редакция атынан бастама көтеріп, орындалысына Ниқанбай Омархановтың әкімдігі тұсында қол жеткіздік.

Одақтың ыдырауы салдарынан халыққа жалақы төлеу, бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру ісі тоқтағанда, газетті «Апталық» басылымға айналдырып, сақтау үшін редакция ұжымы шаруашылықтардан көмек жинауға шықтық. Әр шаруашылық қолында барын (газет жанашыры Қасымов Жұмажан бірнеше бас ірі қара бергенде, Қайдар Бурабаев бөшкелеп бензин) берді, Мейрам Сағымбеков оларды ақшалап, баспаханамен есеп айырысып оырдық. Заман сәл оңалып, қаржы бөлімі аздап тиісті дәрежесіне жеткенде, біздің отағасы Қарағандыға қызметке ауысты да, 200І жылы қалаға бет бұрған менің орныма Егіндібұлақ ауданы тарағанша журналистік дипломын әбдіреге атып-ұрып, Мәслихаттың хатшысы лауазымында шалқып отырған бауырым Рымбек Смағұлов «Дайын асқа - тік қасық» болып отыра кетті. Жаңа ғасырдың басында облыс әкімі тағайындаған «Алтын сұңқар» сыйлығына да конкурс комиссиясының «Облыстағы ең жасы үлкен «Қарқаралы» газетіне берілсін» деген ұйғарымымен Рымбек баурым ие бола кетті.

2001 жылы Қарағандыдағы қаламгерлік жұмысыма жасыл көше ашылғанын да сөз соңында айта өтейін. Келген бетте «Терра» радиосының қазақ редакциясын жүргіздім, сол жылы мені «Валют-Транзит» қаржы-өнеркәсіп корпорациясы екі тілде шығатын «Сіздің досыңыз Валют-Транзит» газетінің бас редакторлығына шақырды, мұнда сонымен қатар республикалық «Сыр мен сымбат» әйелдер жорналын, «Азия-Транзит» әлманағын шығарыстым. 2006 жылы республикалық «Взгляд на события» газетінен «ТІРШІЛІК» қазақ беттерін аштым да, оны 2014 жылы «Пайғамбар жасына» жеткенше шығарып тұрдым. Онымен параллель «Бірінші Қарағанды» телестудиясынан «Кешкі ертегі» авторлық бағдарлама жүргізіп, қазақша хабарға жол аштым. Үш жүз беттік «Үздік очерктер жинағым», одан соң «Жиырмасыншы ғасырдың тарландары» аталған кітабым жарық көрді.

Жасым жетпісті орталаса да, компьютерге отырмаған күнім жоқ: «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда», қалалық «Арқа ақшамы», республикалық «Ардагер айнасы»-«Будни ветерана» газеттеріне, республикалық «Абай» әдеби-көркем журналына атсалысамын, Қарағанды облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшесімін. Композитор Қанат Мерсалимовпен бірігіп жазған әндерім қарағандылық авторлар жинағына енді. Қарағанды қаласы әкімінің «Замандас» конкурсында «Алтын қалам» номинациясының жүлдесінің (2011 ж. Б.Әбдішев), Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» жүлдесінің (2015 ж. Н.Әбдібеков) иегерімін. 2016 жылы Президенттің «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен, былтыр Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен (2024 ж. Е. Бөлекпаев) марапатталдым.

Соның бәріне қарамастан, маған өзім он бес жыл бойы шығарған «Қарқаралы» газеті ыстық. Ал, көрген марапаттарымның бәрінен маған қарқаралылық оқырмандардың қалалық прессалар корреспонденті болып кеткеніме көп жылдар өткеніне қарамастан: «Редакторлар ішінде әр сөзіне жауапты, әр пікірі көкейтесті, әр газеті мәнді Асқар Нәзипадай редактор болған емес!» деген пікірі – халықтың шынайы сөзі артық.

**Назипа АСҚАР,**
**ҚР ЖО мүшесі**



Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні—1 Май жасасын!

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

КОММУНИЗМ ТАҢЫ



Қарқаралы өндіріс басқармасы



ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ЗАРЯ КОММУНИЗМА

ОРГАН КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОННОГО КОМИТЕТА КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА И РАЙОННОГО СОВЕТА НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В ПОЛИТБЮРО ЦК КПСС

НОВОСТИ по стране

# Мызғымайтын емендей Мақаң еді

**«Қарқаралы» газетінің қайраткері, журналист-жазушы, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, публицистикалық шығармалар бойынша өткізілген республикалық конкурстардың бірнеше дүркін жеңімпазы Мақсым Омарбекұлы – бүгінгі әңгіменің кейіпкері. Мақаң туралы бас тақырыпта берілген сөз тіркесінде ешқандай эпитет те, гипербола да жоқ. Әйгілі Мәдидің сөзімен айтқанда, ол «Қайрап ап қалың жауға сермегендей» көк семсер болып соғылған қажырлы тұлға еді.**



Әскери қызметтен 1978 жылдың қараша айында оралып, бұрынғы Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газетінің тілшісі болып орналасқан кезден Мақаңды жақсы танып, інілік ілтипатпен сәлем беріп жүрдім. Алғашқы бетте Қарағайлы кентінде баспахана болмай, газетті Қарқаралының баспаханасында бастырғандықтан, жиі кездесуші едік. Бірақ, кең отырып, ішімізді ақтарып сөйлескеніміз 1981 жылдың жазы болса керек. Қазір есте жоқ, әлдебір жұмыстармен республиканың сол кездегі астанасына барып, екі-үш күннен кейін Алматы – Қарағанды пойызына мінсем, Мақсым аға бұрын келіп жайғасып алыпты. Тәулікке таяу жүретін жолда серік табылғанына екеуміз де қуанып қалдық. «Ақ жаңбыр» деген алғашқы кітабын «Жалын» баспасына тапсырып келе жатқан Мақаңның еңсесі көтеріңкі екен. Ақиқатшылдығы, ірі қызметтегілерден ықпай тең сөйлесетін «қыңырлығы» үшін биліктегілерге жақпайтын қаламгердің алдынан тосқауыл шыға беретінін әріптес ағалары үнемі ескертіп, Мақаңды «түзу жолға» салғысы келеді естуімше. Бірақ, сүтпен біткен мінез сүйекпен кететіні рас, бұл кісі қақпайға көне қоймайды. Мына «Ақ жаңбырдың» жолы ашылуына сол кездің өзінде-ақ зор талантымен қоса ұлтшылдығымен ерекшеленген Мұхтар Мағауиннің шапағаты тиген дүр. Мақсым аға туып-өскен Абыралы өңіріне күйеу болғандықтан емес, «...сенің кітабыңа оң пікір білдіргенім, жазушы ретінде үміт күткенім ғой» деп өзі айтқандай, замандасының «талағында биті барын» танығандықтан шығар.

Отаршыл Ресей империясының орнын басқан кеңестік-коммунистік қоғам қазақ халқына төндірген ауырлық пен қыспақты Мақаң бала кезінен бастан кешті. Ол II дүниежүзілік соғыс енді ғана қарқын ала бастаған 1940 жылдың қыркүйек айында Семей (қазіргі Абай) облысының бұрынғы Абыралы ауданында жарық дүние есігін ашыпты. Кеңестік тарихта «Ұлы Отан соғысы» деп айдар тағылған қырғында әкесі Омарбек опат болғанда Мақсым 4 жастағы балдырған екен. Анасы Қадиша мен нағашыларының қамқорлығы арқасында жетімдікті көп сезіне қоймаса да, тағдырдың басқа салған басқа ауыртпалығы да жеткілікті болады. Аудан орталығы Қайнардың мектебінде оқып жүрген кезінде, 1949 жылы қазақ халқына атом апатын әкелген Семей ядролық сынақ полигоны ашылып, суы бал, түгі май өңірдің ту-талақайын шығарды. 1955 жылы Абыралы ауданы таратылып, тұтас ауылдар жойылып, тұрғындар жан-жаққа босып кетеді. Мақсым ағаның мектеп бітіруін ғана күтіп отырған әулет, ол аттестат алғаннан кейін Қарқаралыға, бабаларының ата қонысына бет түзейді. Мұнда көшіп келгеннен кейін Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының тарих-педагогика факультетіне түскен екен әулет түлегі.

Шығыс Сарыарқа – қазақ халқы азаттығының алтын бесігі. "Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз», – деген Қаздауысты Қазыбектің рухы атойлаған, 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде әйгілі Қарқаралы құзырхаты (петициясы) жазылған қасиетті жерде, оны әзірлеген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермеков сынды Алаш арыстарының кіндік қаны тамған, еңбегі сіңген топырақта саналы ұрпағын ұлт бостандығы жолындағы күреске шақыратын ұшқын қалмауы мүмкін емес. Өткен ғасырдың 40-50 жылдары осы ұшқынды Қарағанды мұғалімдер институтының Б.Ысқақов, Ж.Өмірбеков, Қ.Ыдырысов, Ж.Баяхметов, Д.Мырзахметов, Д.Тұрғанбаев сынды студенттері үрлеп лаулатқан еді. Сол үшін олардың алды бас бостандығынан айрылып, КарЛаг пен СтепЛаг-қа каторгаға айдалса, біразы қызметтен алынып, қуғын-сүргінге түседі. Олар Сталин өлгеннен кейін, елуінші жылдардың ортасында ғана бостандыққа шықты.

Алпысыншы жылдардың басында Қарағанды мемлекеттік педагогика институтында азат ойлы жастардың жаңа толқыны пайда болды. «Жас қазақ» атауымен құрылған ұйымның мүшелері кеңес билігі тиым салған Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды қайраткерлердің шығармаларын оқып, жастардың ұлттық рухын оятатын насихат парақтарын таратқаны үшін жазаланады. Соның ішінде, болашақ журналист-жазушы Мақсым Омарбекұлы мен ақын Кәрім Сауғабай оқудан шығарылып, саяси көзқарастарын түзету үшін қой бағуға жіберіледі.

– Студенттерді жазалаған жиналыс үстінде басқалар үндемей қалса да, беті қайтпайтын Мақсым, ректорат, партия мен комсомол ұйымдарының өкілдеріне, деканға қарап: – Институт профессорлары мен доценттер түзете алмаған саяси көзқарасымды совхоздың қойшысы мен қойы түзете ала ма? – деп сұрақ қойған еді. Әрине, институт басшыларының оған қайтаратын уәжі жоқ. Бірақ, коммунистік жазалау машинасы тоқтай ма? Белсенділер оқудан, комсомол қатарынан шығарылып, бір жыл жұмыс атқарып келгеннен кейін ғана институт бітіріп, диплом алды, – дейтін еді Мақсым мен Кәрім ағалардың замандас, курстас досы Серікбай Алпысұлы.

Кәрім Сауғабай бір жыл «Арқалық» совхозында көмекші шопан болып еңбек етеді де, Мақсым Омарбекұлы денсаулығына байланысты Егіндібұлақ аудандық газетінің редакциясында корректор қызметін атқарады. Ол институт бітірген соң да осы басылымға келіп, тілші, жауапты хатшы болыпты. 1968 жылы Егіндібұлақ аудандық партия ұйымының «тазалау» пленумынан кейін қызметтен кеткен Мақсым аға Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» (кейін «Қарқаралы» атанды) газеті редакциясына ауысып, қаламының сиясы кепкен сәтке дейін тілші лауазымында жұмыс істеді. Оның еңбек кітапшасының соңғы парағына осы газеттің мөрі басылған. Айтпақшы, 2003-2007 жылдары облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Қарқаралы ауданы бойынша меншікті тілшісі қызметін қоса атқарды.

Мақаңның журналистік еңбегі де, көркем шығармалары да принципшіл туралығымен, өткірлігімен ерекшеленетін. Алған тақырыбының өзектілігі мен фактілерінің ақиқаттығына көзі жетсе, жергілікті басшылардың бет-жүзіне қарамай, «сойып салатын». Өзі қызмет істеген газеттің редакторы қорқақтық танытса, облыстық, қала берді облыстық басылымдарға жолдап жібереді. Сол үшін қызметтен босап, бірнеше ай жұмыссыз жүрген кездері де болды. Бірақ, мойымады, талмай күресіп, сот арқылы орнына оралып жүрді. Ұстанған жолы шындық болғаннан кейін, Мақсым аға қазіргі «Қарқаралы» газетінің даңқын шығарған, ақиқатты ту еткен Жұмабай Орманбаев, Ғабдиман Игенсартов, Әбікен Бақтыбаев, Шаймаран Мезгілбаев, Сапарғали Ләмбеков, Жолкен Тайтөлеуов сынды ағалары, замандас әріптестері жайлы үнемі жақсы лебіз білдіретін еді. Мысалы: «1947-1951 жылдарда аудандық газетте жауапты хатшы, 1951 жылы «Еңбек майданы» газетінде редактор болған Әбікен Бақтыбаев та қаламы ұшқыр, өз басы арыстандай айбатты, ешкімнен қорқып-үрікпейтін өжет журналист еді. Өзі редактор болып тұрған уақытта Әбекең ұлтшыл ретінде қамаудан қайтқан Рамазан Нәрешұлын, сталиндік зұлмат тақсіретін тартқан қаламы жүйрік журналист Гардерді, болмашыдан жала жабылып лагерь дәмін татқан Шаймаран Мезгілбаевты, аупарткомның қарсы болғанына қарамай, аудандық газетке қызметке алатын да осы кісі. Сол үшін аупарткомның хатшысы Ергебеков «Сені түрме күтіп тұр» деп зіркілдепті. Бірақ, Ә.Бақтыбаев азаматтық деңгейін бір мысқал да төмендеткен жоқ.

... 80-жылдардың соңына қарай осы жолдардың авторы – өзім де қызметтен шығып қалдым. Бұған аупарткомның бірінші хатшысы бастамашы болса да, оны іске асыруға ерікті-еріксіз сол кездегі редактор мен орынбасары білек сыбана кірісті. Сол күндерде өткен партия жиналысында Әбікен Бақтыбаев ол екеуін де қызметтен босату керек деп ұсыныс жасап, қаулы алғызып жіберді.

– Бұл не сұмдық, – деп зіркілдепті бірінші хатшы Қ.Жақыпов, – газеттің екі бірдей басшысын бір жиналыста өздері алып тастапты. Бұл деген анархия емес пе?!

– Жоқ, бұл демократия! – деп қайтпас қайсар Әбекең де отырып алыпты. Ақыры, сол екеуі де басшылық лауазымынан айрылып, жұмыстан шықты, – деп жазады Мақаң Ә.Бақтыбаев туралы «Тасқа түскен тарих» деген эссесінде (М.Омарбекұлы. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» – Қарағанды, 2010).

Әр жылдары Мақаңның «Ақ жаңбыр», «Адам ізі», «Махаббат пен қиянат», «Сағыныш ғұмыр, сағым жылдар», «Арпалыс», «Өмір өткелдері», «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» тәрізді көркем және деректі шығармалары топтастырылған кітаптары жарық көрді. Сонымен бірге, публицистикалық туындылары мен эсселері көптеген ұжымдық жинақтарға енді.

Мақаң өмірдің өзекті мәселелерін көтерген, адамгершіліктің ақ жолынан тайғандарға қаламы көк найза болып елестейтін жауынгер журналист-жазушы ғана емес, өзі өмір сүрген, еңбек еткен ортаның, адамдардың мұң-мұқтажын билікке үлкен мінбелерден айта алған қоғам қайраткері де еді. Ол 1990-2003 жылдары үш мәрте облыстық кеңес пен мәслихатқа депутат болып сайланды. Халық қалаулысы мандатын қазіргідей партиялық тізіммен емес, баламалы сайлау жолымен, облыстық партия комитетінің хатшысы, облыс әкімінің орынбасары сияқты лауазым иелерімен тартыста иеленді Мақсым аға. Әсіресе, ол кісінің соңғы рет сайлауға түскені ұмытылмастай есте қалды. Қарсыласы – қаржысы да, қолдаушылары да мол ірі лауазым иесі еді. Олар бірнеше шет елдік көлікпен жалаулатып жүрсе, Мақаң бір-екі серігін ғана жанына алып жаяу аралады электоратын. Оның үстіне, шындықты шырқыратып жайып салатын депутаттың облыстық мәслихат мүшесі болуына сайлау комиссиясы да құштар емес-ті. Бірақ, Қарқаралы – Егіндібұлақ өңірінің тұрғындары дауыс беру барысында депутат мандатын лауазым иесінен Мақсым Омарбекұлына тартып! әперді. Кейіпкеріміз халық сенімін ақтап, құлақ асатын билікке жалпы жұрттың жанайқайын әрдайым жеткізе білді.

Жергілікті мәслихаттардың 2003 жылы өткен сайлауында «Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі Бас редакторы Мағауия Сембай облыстық мәслихатқа депутат болғысы келіп, «орныңызды беріңіз» деп Мақсым ағаға қолқа салды. Өйткені, ашық тартыста оны жеңе алмайтыны белгілі еді. Аз-кем әңгімеден соң келісім жасалып, кандидаттың үгіт-насихат жұмысында Мақаң М.Сембаймен бірге жүрмек болды. Елге сөзі өтеді деген адамдармен кездесіп, Тәттімбет ауылдық округіндегі Социалистік Еңбек Ері Сайлау Біләловтің қыстағына келдік. Сөз бастала бергенде Сайлау аға: – Әй, Мақсым, ініңе жол берем дегенің өз шешімің бе, әлде билік қыстады ма? Егер сен шын ниетпен сұрасаң, тілегіңді орындаймыз. Бірақ, інің жоғарыға жалтақтамай, тура өзің сияқты жұрттың сөзін сөйлесін! – деп сұрады. Мақаң тоқтамы осы екенін айтқаннан кейін Еңбек Ері ағамыз өзінің ықпалындағы ел Мағауияға дауыс беретінін бекітті. Мақсым ағаның халық арасындағы беделі осындай еді.

Мақсым Омарбекұлы 2016 жылдың қазан айында, 76 жасында қайтыс болды. Қазір жер басып жүрсе, «Қарқаралының» 95 жылдығымен қатар әріптес ағаның туғанына 85 жыл толатын күнін атап өтуге қам жасап жатар едік.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ**

## Жас талант

**Құрметті оқырман! Төмендегі шумақтардың иесі – Қарқаралы өңірінің оқушы өрендері. Біз бұл тізбектерден олқылық іздемейміз, ұшқын көреміз. Тай жарысында терлегендер құнан бәйгесінде қызынып, тұлпар аламанында көсілер деп үміт артамыз.**

**Сондықтан, талабы таудай жас өркенге зерде мен зеректік тілейміз!**

**«Қарқаралы» газетінің редакциясы**

### АБАЙ

180 жыл Алаштың ақынына,
Өлең құрау келді сөйтіп ақылыма.
Тіршілікте ел қамын ойлағаннан,
Жатқа жәрдем еткізген жақынына.

Медірессе мен салғызған мешітті де,
Алаңдап жұрт қамына ерте бастан.
Ел үшін кең есесін естіпті де,
«Оқы, оқы, оқып білім ал», –
деді сана барда.

Қазынасы халықтың тонала ма,
Абайдай шын ғұлама дана барда?
Абай – ақын, ғұлама, Абай – дана,
Ойлаған қазағын шын Абай ғана.

Қазіргі ұрпақ ескермей соның бәрін,
Артынан сөз айтады жабайлана.
Көз жүгіртіп өткенге қарадым да,
Абай – дана екен заманында.

Алланың жүрегіме салғанымен,
Сипаттауға ақынды жарадым ба?
«Демесін», – деп аруағы, еленбедім,
Айтып жүрміз ақынның өлеңдерін.

Кітапта жазылғанның барлығын да,
«Деп жүрміз ғой, – деді», –
деп дегендерін.
Бағаланбайды ақындар тіршілікте,
Түсінбедім осыны – күншілдік пе?

Пенделер жасағаннан жат қылықтар,
Жатыр ғой жер мен көк сілкініп те...

**Каусар САЙРАТ,**
**Ақбай-Қызылбай ауылының**
**9 сынып оқушысы**

### АСЫЛ СЫРЫМ

Ата-баба салтым бар қастерлеген,
Бабамыз да құметпенен бата берген.
Сегіз қырлы қыздары бар еркелеген,
Күміс көмей әншісі бар құрметтеген.

Жоқ болса, бере алмайтын
достар да бар,
Бар болса, көре алмайтын
дұшпан да бар.
Береке мен бірлігі жарассын деп,
Ел тілегін қостайтын жандар да бар.

Заманым неге өзгерді өзгелерден,
Үйренгенін көрсетті көрмекке елге.
Ел боламын дегенге береке бер,
Үй боламын дегенге батаңды бер.

Өмір – өзен, білген де
бар білмеген бар,
Өмірінің бәйтерегі кім? – деген бар.
Қобызының құлағын бұрағанда,
Сыр білетін, білмейтін де пенделер бар.

**Айару ЖОЛДЫБАЙ,**
**Ақтасты ауылы**
**№32 ЖББ мектебінің**
**8-сынып оқушысы**

### ДОСТЫҚ АҚЫЛ

Достарым, мен айтайын бір ауыз сөз,
Құлақ сал, алаңдамай көрсетіп көз.
Құдайдың бізге берген әрбір күнін,
Өткізбе текке достар, білім ал тез.

Ғылым біл, өнер көрсет көп ізденіп,
Уақыттың тез өтерін сен ескеріп.
Бір ғана келер осы дүниеден,
Өмірдің бар сырын біл сен тездетіп.

Бұл ғасыр – техника мен білім таңы,
Білімсіз қараңғының қалмас жаны.
Ел танып, еңбек етем десең, достар
Көп ізден, ізденгеннің бағы жанар.

Еліңе қызмет қыл, теріңді төк,
Кетпесін алған білім, жетім боп тек,
Өзіңнің білгеніңді өзгеге үйрет,
Талпынып ғылымыңмен мақсатқа жет.

Қашанда білім тонын киген жеңер,
Ондай ерге халқының бәрі ерер.
Сондықтан асыққаның жөн болады,
Ғылымның құрығынан ұстап сен ер.

**Аяжан БОЛАТ,**
**Ақтасты ауылы**
**№32 ЖББ мектебінің**
**8 сынып оқушысы**

### ТУҒАН ЖЕР

Туған жерім бесік болып тербеткен,
Осы жерде бауырларым ержеткен.
Туған жердің табиғаты керемет,
Жауыны гүл көктемдей селдеткен.

Бұл мекенге кіндік қаным тамған жер,
Шөлдегенде суына мөлдір қанған жер.
Байлық, бақыт, бойыңдағы барыңды,
Бағалаймын жүрегіммен, тұнған жер!

Жастайымнан асыр салып ойнаған,
Туған жерім алтын ұяға айналған.
Алыс жүріп сағынғанда өзіңді,
Еске аламын табиғатыңды жайнаған.

Гүлдене бер, жасай берші өңірім,
Толсын әркез саған деген көңілім.
Тәуелсіздік туы көкте тұрғанда,
Бақытқа толы мына менің өмірім.

### АНАМА

Ақ сүт беріп мәпеледің сен мені,
Айлы түнде тербеткендей жел мені.
Қараңғыдан күн нұрына шығарған,
Анамсың сен кемедейін селдегі.

Шырақтай боп өміріме нұр бердің,
Перзентіңе ең бақытты күн бердің.
Болашаққа қанатымды қатайтқан,
Асыл анам, ардағымсың сен менің!

Айттым, Ана, өзің туралы толғана,
Жүзің тұрады, Ана, сенің нұрлана.
Жаратқаным бір өзіңді күн қылды,
Анашым, лайықты өзіңе жыр ғана!

**Кәусәр ЖҰМАҒАЛИ,**
**№16 ЖББ мектебінің**
**7 сынып оқушысы. Қарағайлы кенті**

### ЕЛІМНІҢ БІРТУАРЫ

Елімнің біртуары Қасым ақын,
Көкейінен гауһар жыр шашылатын.
Арқада әсем жыры сыңқылдаса,
Теңіздің толқынындай тасынатын.

Жырдан жауһар төгіп өткен,
Қасым аға,
Теңерім бір өзіңді ғұламаға.
Өзге емес өз сырыңды өзің айтқан
Елінен ер боп туған асыл ана.

Ақынның әділетшіл жарқын жаны,
Таудан аққан бұлақтай пәк жырлары.
Отан үшін от кешкен елі үшін
Қайсар тұлға жасынан жарқылдады.

Сіз өмірге ақын болып келгенсіз,
Майданды да, жеңісті де көргенсіз.
Ұрпағына үлгі болар өлеңімен
Талай жанның жүрегіне енгенсіз.

Жырдың данышпаны, ұлы тұлға,
Данасың сен үлкенге де, балаға да.
